



MEREITO

ТАҒЫЛЫМ МЕН ПАРАСАТ ОРДАСЫ

Ұлағат ұясына айналған білім мен ғылымның қарашаңырағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті 75 жылдық мерейтойы сауапты іске арналды. «ҰЛТЫҢДЫ ТӘРБИЕЛЕЙМІН ДЕСЕҢ – ҚЫЗЫҢДЫ ТӘРБИЕЛЕ» деген ұлағатты сөзді басты бағдар ретінде алған парасат пен тағылым мектебінің төл тарихындағы айтулы дата «ҰКІЛІ ҰМІТ» атты қайырымдылық балының аясында өтті. Тұңғыш рет ұйымдастырылған игілікті шараның мақсаты – жастарды бекзат өнерге тарту арқылы оларды жоғары мәдениеттілікке, инабаттылық пен қайырымдылыққа баулу. Оқу орнының ұжымы осы жоба арқылы қоғамда «Алматы – ІЗГІ ІСТЕР ҚААСЫ» түсінігін қалыптастыруды және оны нақты іске асыруды көздейді.

Толығырақ 2-3-беттерде.



АНДАТПА

SARAPТAMA

Жылдың жеті жетістігі



6-бет

TULĠATANY

Түгел түркіні түгендеген тұлға



9-бет

TARAZY

Ғалымға құрмет көрсетілді



11-бет

WEEKEND

Сұлулық сыры



12-бет

MEMLEKETTİK MÄSELE

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ 5 ЖЫЛДЫҚ ДАМУ БАҒДАРҒАРЫ

Премьер - Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2016–2019 жылдарды қамтыған білім және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаның қорытындысы шығарылып, оның алдағы 5 жылға арналған жоспары қаралды. Жиында білім және ғылым министрі Асқат Аймағамбетов баяндама жасап, Қазақстанда білім мен ғылымды дамытудың

2025 жылға дейінгі жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленгенін айтты. Министр өз сөзінде бүгінгі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жаңа мақсат-міндеттер тұрғанын, бұл міндеттерді шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде 2020–2025 жылдарға арналған жаңа бағдарлама дайындалғанын айтты.

Толығырақ 4-бетте.

НАУКА



ИННОВАЦИИ ГАРАНТИРУЮТ УСПЕХ!

О том, какого успеха добились в Год молодежи студенты Казахского национального женского педагогического университета, корреспонденту VNews.kz рассказал руководитель пресс-службы вуза Жандар Асан. По его словам, молодые ученые Казахского национального женского педагогического университета стали обладателями патента «Способ получения манганита диспрозия, допированного висмутом состава $Bi_{0,1}Dy_{0,9}MnO_3$ ». Патент присвоен за инновационную разработку неорганического наноструктурированного материала.

Подробнее на странице 4.

JYL QORYTYNDYSY

ТОЛАҰЫМ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗГЕН ЖЫЛ

«Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа». Ұлтымызда ұлағатқа айналған осындай бір сөз бар. Зерделі жан күнтізбедегі ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алып тұрып өткеніне көз жүгіртіп, істеген ісін сараптайды. Кешегі күнін ой елегінен өткізіп, ертеңіне бағдар жасайды. Жетпіс бес жылдық тарихы бар қарашаңырақ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті үшін 2019 жыл елеулі жаңалықтарға толы жыл болды. Жаңа жылдың елең-алаңында өткен жылдың еншісіндегі ауқымды істер мен қол жеткен табыстарға тоқталып өтуді жөн көрдік.

Толығырақ 6-7-беттерде.

ĠYLYM

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖАРАДЫ!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры ұйымдастырған республикалық байқауда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жас ғалымдар Кеңесі үздік деп танылды.

Конкурстық комиссия жеңімпазды анықтау барысында ұйымның белсенділігі мен жұмыс нәтижелілігі, Кеңестің жүзеге асыратын шараларының ерекшелігі мен маңыздылығы сынды критерилерге сүйенген. Комиссия шешімі бойынша Қыздар университетінің жас ғалымдар Кеңесі барлық талаптар бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар шықты.

Жеңімпаз ұйым арнайы дипломмен және өз қызметін қолдау мен дамытуға арналған грантпен марапатталады. Марапаттау рәсімі 7 қараша күні Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде өткен «Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі» атты Халықаралық ғылыми конференция аясында жүргізілді.

– Конкурс жас ғалымдар Кеңесінің қызметін дамытуға септігін тигізеді. Байқаудың мақсаты – жас ғалымдардың бастамаларын қолдау, сондай-ақ олардың ғылыми бастамалары мен жобаларын жүзеге асыруға көмек көрсету, – дейді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының өкілдері.

ҮНИВЕРСИТЕТ
ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТАҒЫЛЫМ

«ELBASYNYN
KÓSHBASSHYLYQ
SABAQTARY»

Qazaqstan Respýblikasynyn Túńghysh Prezidenti kúni qarsańynda Qazaq ultiq qyzdar pedagogikalq iversitetinde «Qazirgi zamanǵy Qazaqstan. Elbasynyn kóshbasshylyq sabaqtary» taqyrybynda sheberlik oqylary ótti.

Jynda bolashaq pedagogtarǵa meditsina ǵylymdarynyn doktory, professor, Beibitshilik pen rýhani kelisim prezidenttik sylyǵynyn iegeri Nina Kaiypova men memleket jáne qoǵam qairatkeri, pedagog Zinaida Fedotova Nursultan Nazarbaevtyń táyelsiz Qazaqstandy qurǵy jolyndaǵy qajyrlı qyzmeti túraly keninen ángimeledi. Dáris barysynda Nina Kaiypova Elbasynyn egemendik jylдарынyn túrli kezenderinde qabyldaǵan sheshimderine taldaı jasadı, kóshbasshyǵa tán basty qasietterdi atady. Al Qazaqstannyn eńbek sińirgen zańgeri Zinaida Fedotova elordany kóshirı kezindegi oqıǵalardy eske aldy. Jyn sońynda Qyzdar iversitetiniń stýdentteri arasynda uymdastyrylǵan «Elbasy joly» atty esse baıqayynyn jehimpazdary marapattaldy. Qazylar alqasynyn sheshimi boıynsha Qazaq filologiasy jáne álem tilderi fakýltetiniń 2-kýrs stýdenti Amur Janibekova men Fizika-matematika fakýltetiniń 3-kýrs stýdenti Zýhra Erdalievanyń shyǵarmasy úzdik dep tanyldy.

kazmkpu.kz

TANYM



TARIH TARAZYLANDY

«Uly dala túrki halyqtarynyn ortaq mekeni». Osyndaı ataıym Qazaq ultiq qyzdar pedagogikalq iversitetinde halyqaralq ǵylym konferentsına ótti.

«Rýhani jańǵyry» baǵdarlamasy men Elbasy Nursultan Nazarbaevtyń «Uly dalanyń jeti qyry» atty maqalasyndaǵy basym baǵyttardy iske asyry oraynda uymdastyrylǵan keleli keńeske otandq jáne sheteldik ǵalymdar, ǵylym-zertteı mekemeleriniń jetekshileri men joǵary oqy oryndarynyn oqytshylary qatysty.

Qazaq tarihy, ultiq salt-dástúrlerdı, tarihi-mádeni sabaqtastyqy dáripteıdi maqsat tuqan basqosyda tarih ǵylymdarynyn doktory, professor, ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ultiq iversitetiniń Qazaqstan tarihy kafedrasynyn meńgerishi Berекet Káribayev «Qazaq ultiq jáne qazaq handary (XV-XVIII ǵ. basy)» taqyrybynda baıandama jasadı. Sondai-aq konferentsına barysynda «Vamab» assotsiatsiasynyn tóragasy Abı-Kasim Najaliev, Mońǵolia iversitetiniń PhD doktoranty Ýrygmyl jáne tarih ǵylymdarynyn kandidaty Erdáylet Berlibayev sóz sóilep, qazaq tarihy túraly tyń derekterimen bólisti. Jynda álem tarihyynyn ortaqasyrlyq kezehindegi saıası, tarihi, mádeni jáne geografialyq bet-beinesi de aishyqtaldy.

kazmkpu.kz

TOPJARǴAN

«ÚZDIK OQY ORNY»
ATANDY

Qazaq ultiq qyzdar pedagogikalq iversiteti Qazaqstan stýdentter Ahansy uymdastyryǵan baıqayda «Úzdik oqy orny» nominatsiasy men marapattaldy.

Jehimpazdar Nur-Sultan qalasynda ótker Jastar isi jónindegi komitet basshylarynyn XVI shaqyrylymy barysynda anyqtaldy. Jastar jyly aiasyndaǵy saıysqa elimizdiń barlyq joǵary oqy oryndary qatysqan. Baıqay nátijesinde Qyzdar iversitetiniń stýdenttik uymdary neǵizgi talaptar boıynsha joǵary nátje kórsetip, jehimpaz atandy.

Jynda oqy ornyynyn atyan Arýjan Baqytjanqyzy qatysyp, amaıy jobany qorǵady. Ol Qazaqstan stýdentter Ahansynyn «Alǵys hatymen» jáne amaıy diplomymen marapattaldy.

Belsendi stýdenti bilim ordasynyn rektory Gayhar Aldambergеноva qabyldap, bul – barsha bilimgerlerdiń, jastar uymdarynyn jetistigi ekenin atap ótti.

kazmkpu.kz

MEREITOI

ТАҒЫЛЫМ МЕН

Ұлағат ұясына айналған білім мен ғылымның қарашаңырағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдық мерейтойы сауапты іске арналды.

Әсел ДИДАР,
«Qyzdar iversiteti»

«Ұлттың тәрбиелеймін десең – қызыңды тәрбиеле» деген ұлағатты сөзді басты бағдар ретінде алған парасат пен тағылым мектебінің төл тарихындағы айтулы дата «Ükili ümit» атты қайырымдылық балының аясында өтті. Тұңғыш рет ұйымдастырылған игілікті шараның мақсаты – жастарды бекзат өнерге тарту арқылы оларды жоғары мәдениеттілікке, инабаттылық пен қайырымдылыққа баулу. Оқу орнының ұжымы осы жоба арқылы қоғамда «Алматы – ізгі істер қаласы» түсінігін қалыптастыруды және оны нақты іске асыруды көздейді. Оңтүстік астананың еліміздің мәдени орталығы ретіндегі имиджін одан әрмен көтеруге септесетін шара шығармашылық әлеуеті жоғары талантты жастарды анықтауға да үлес қоспақ.

Мерейтойлық жиынға көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, университеттің танымал тұлғалары, шетелдік және отандық жетекші жоғары оқу орындарының басшылары мен танымал мәдениет қайраткерлері қатысты. Сонымен қатар балға қайырымдылық пен меценаттықты өмірінің басты қағидасы ретінде санайтын азаматтар да шақырылды.

Қысқы ертегі желісімен ұйымдастырылған шара 75 жұптың орындауындағы ырғақты вальспен ашылды. Балдың дебютанты атанған Қыздар университетінің студенттері мен ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі академиясының курсанттары классикалық билерді жоғары деңгейде орындап көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Оқу орнының ректоры Гаухар Алдамбергенова жиналғандарды мерейтоймен құттықтап, игілікті іске қолдау көрсеткен абзал жандарға ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар ол университеттің өзіндік ерекшелігіне тоқталып өтті.

– Отандық жоғары білім берудің флағманы, дара дәстүрі бар ордалы оқу орны ғасырға жуық уақыт белесінде қазақ қыздарының шын мәнісіндегі шамшырағына айналды. Өзіндік кескін-келбетін қалыптастырды. Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан дәстүрлер сабақтастығын жаңғыртты. Екінші дүниежүзілік соғыстың аласапыран уақытында іргетасы қаланған бұл білім ордасының Қазақстанның педагог кадрларын даярлаудағы алатын орны айрықша үлкен. Себебі осы жылдар аралығында оқу орнын 60 мыңнан астам түлек бітіріп шықты. Олар ұлан-ғайыр Отанымыздың түкпір-түкпірінде еңбек етіп, сауатты да білімді ұрпақты даярлауға зор еңбек сіңірді. Ұлт педагогикасының дамуы жолында қажырлы қызмет атқарды. Бүгінде әлемде тек қана қыздар білім алатын жоғары оқу орындары саусақпен санарлықтай. Осы орайда бірегей білім ордасы ретінде еліміз бен әлемге кеңінен танымал болған оқу орны – «Қыздар университеті» деген өзіндік брендин қалыптастырды. Біздің басты мақсатымыз – осы уақытқа дейін қол жеткізген табыстарды еселей түсу, қазыналы қарашаңырақты шыққан биігінен түсірмеу, – деді Гаухар Алдамбергенова.

Білім ордасының басшысы өз сөзінде сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында кішіге ізет, үлкенге құрмет білдірудің, жоғары мәдениет, адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерін дарытудың маңызы зор екендігін ерекше атап өтті.

Жыныда Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің құттықтау хаты оқылды. Ал Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың университет ұжымы мен студенттеріне жолдаған ізгі лебізін Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айдар Есенбеков жеткізді.

«Университет педагогикалық қызметпен қатар, еліміздің өнер мен мәдениет саласының дамуына да үлкен үлес қосуда. Оқу орны республикалық рейтинг бойынша педагогикалық жоғары оқу орындары қатарында көш бастап тұр. Мұнда ұстаздар қауымы жаңа заман талаптарына сай сапалы білім

бере отырып, бәсекеге қабілетті көрсеткіштерге жетуде. Осының барлығы университеттің толағай табыстарының жарқын көрінісі деп білемін», делінген шаһар басшысының құттықтауында.

Сонымен қатар жыныда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Тақир Балықбаев, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполов, Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры Сауле Сағынтаева, AlmaU университетінің ректоры Гүлмира Қорғанбаева, мемлекет және қоғам

қайраткері Шәмша Беркімбаева, Қазақстанның салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының төрайымы Айгүл Мұқашева, Түркияның Нийде Өмер Халисдемир университетінің ректоры Мухсин Кар білім ордасының ұжымына ыстық ықыластарын білдірді. Олар өз сөзінде дара оқу орнының ерекшелігіне кеңінен тоқталып, ізгілікке негізделген қоғам құруда университет қолға алы отырған бастаманың маңызы зор екендігін айтты.

Шара шеңберінде педагогикалық оқу орнының оқытушылары мен студенттерінің шығармашылық

Бақытжан
САҒЫНТАЕВ,

Алматы қаласының әкімі



Қадірлі университет ұжымы! Сіздерді Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Шәмша Көпбайқызы, Асылы Осман, Зәуре Қадырова секілді ел дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан көптеген ардақты апаларымызды және солардың ізін жалғаған майталман қыздарды тәрбиелеген қарашаңырақ күні бүгінге дейін жемісті қызмет етуде.

Университет педагогикалық қызметпен қатар, еліміздің өнер мен мәдениет саласының дамуына да үлкен үлес қосуда. Білім ордасы күні бүгінге дейін кемел келешегіміз үшін еңбек етіп келе жатқан білікті де білімді 60 мыңнан аса педагог мамандарды дайындады. Университет республикалық рейтинг бойынша педагогикалық жоғары оқу орындар қатарында көш бастап тұр. Мұнда ұстаздар қауымы жаңа заман талаптарына сай сапалы білім бере отырып, бәсекеге қабілетті көрсеткіштерге жетуде. Осының барлығы университеттің толағай табыстарының жарқын көрінісі деп білемін.

Бүгінгі мерейтойларыңызбен тағы да құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Білім мен ғылымды, өнеріміз бен мәдениетімізді дамытуда атқарып келе жатқан еселі еңбектеріңіз жана берсін!

Асхат
АЙМАҒАМБЕТОВ,Қазақстан
Республикасының Білім және
ғылым министрі

Құрметті Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұжымы мен студенттері!

Еліміздегі ең іргелі және көшбасшы жоғары оқу орны – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдық мерейтойына орай жолдаған құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Сіздердің университеттеріңіздің еліміздің жоғары білім беру жүйесінде айрықша беделі мен абыройы бар. Қыздар университеті құрылған күнінен бастап-ақ отандық ғана емес, сондай-ақ Орта Азиядағы білім беру мен ғылымның жарқын үлгісі, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау көзі болды.

Еліміздің әлеуетінің дамуына зор үлес қосып келе жатқан оқу орны бүгінде Қазақстанның жоғары білікті кадрлар даярлайтын негізгі орталығының біріне айналып отыр.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келді. Терен білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деп атап өткендей, білімді де білікті маман даярлап шығуда барышаңыздың атқарар еңбектеріңіз орасан зор екендігі белгілі.

Сіздерді мерейтоймен құттықтай отырып, отандық ғылым мен білім берудің озық дәстүрлерін сақтау және оқу-ағарту идеяларына қызмет ету жолындағы жауапкершілігі жоғары істеріңізге сәттілік пен табыс тілеймін!

Айгүл
МҰҚАШЕВА,Қазақстандық салалық білім
және ғылым қызметкерлері
кәсіподағының төрайымы

Құрметті Гаухар Төрөмұратқызы! Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы атынан Сізді Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Орта Азия аймағындағы бірден-бір тек қыздар ғана оқитын жоғары оқу орны 75 жылға жуық уақыт белесінде Қазақстанда педагогикалық кадрлардың қалың шоғырын дайындауға сүбелі үлесін қосып келеді. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Төңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналады» деген сөзі тарихы тереңде жатқан білім ордасының өзіндік ерекшелігі мен маңызын айғақтап тұрғандай.

Кіелі шаңырақтың іргетасын қалап, қажырлы еңбек еткен ұлы тұлғаларымыз М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ғ. Құрманғалиев, А. Жұбанов, О. Жәутіков, Н. Сауранбаев, Х. Махмұтов, М. Балақасев, З. Ахметов сынды көптеген өнер-білім саласындағы қайраткерлер мен көрнекті ғалымдар салып берген сара жолды бүгінгі таңда университет ұжымы, оқытушы-профессорлар құрамының барлық буыны жалғастырып, жастарға терен білім, тәлім-тәрбие беруге өлшеусіз үлес қосып келеді.

Оқу орындарыңыздың жаңа дәуірдің жаңалықтарына бейімделген үлгілі білім ошақтарының қатарынан көріне беруге тілектеспін.

ПАРАСАТ ОРДАСЫ

жұмыстары мен өнер туындылары аукционға қойылды. Қайырымдылық балынан және аукционнан түскен қаражат І-топтағы мүгедек Айсұлтан Асылхан есімді сәбидің еміне жұмсалды. 2015 жылы дүниеге келген бүлдіршін ми ісігі, көру нервісінің атрофиясы, эпилепсия және церебральды сал ауруына шалдыққан. Шара барысында түрлі ұйым өкілдері мен азаматтар сәбидің ем-домына қажетті қаражатты аударып жатты.

Мерейтойлық рәсімнің екінші бөлімі «75 жыл: даналық пен даралық жолы» атты деректі фильммен ашылды. Кино туындыда Қыздар университетінің өткені мен бүгінгі кенінен көрініс тапқан. Жиында университеттің білім, ғылым, өнер және спорт саласы бойынша дамуына сіңірген зор еңбегі үшін бір топ оқытушылар Білім және ғылым министрлігі мен Алматы қаласының әкімінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталды. Ал Қазақстанның салалық білім және ғылым кәсіподағы ұйымы профессор-оқытушылар құрамына шипажайлық-сауықтыру жолдамаларын табыстады. Сонымен қатар жиында бір топ ұстазға «Еңбек ардагері» медалі және «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» белгісі табысталды. Шара барысында университет түлектері, танымал өнер майталмандары Тамара Асар, Маржан Аралбаева мен Ұлжан Айнақұловаға университеттің «Құрметті профессор» атағы берілді.

Тағылымға толы оқу орнының мерейтойының соңында университет тарихынан сыр шертетін театрландырылған көрініс көпшілік назарына ұсынылып, эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концертке ұласты.

Қазыналы қарашаңырақ 75 жылдық төл тарихында іргетасын нықтап, өзінің дара дәстүрін қалыптастыра білді. Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезінде – 1944 жылы ашылған бұл бірегей білім ұясының елімізде педагог кадрлар дайындаудағы алатын орны өлшеусіз үлкен. Өйткені, оны осы мерзім ішінде кен-байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінен, әсіресе ауылдық жерлерден білімге шөліккеп келген мыңдаған қазақ қыздары бітіріп шықты. Ең бастысы – Қыздар университеті құрылған күнінен бастап-ақ отандық білім беру мен ғылымның жарқын үлгісі, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау көзі болды.

Бүгінде университет әлемнің 70-ке жуық жоғары оқу орнымен ынтымақтастық байланыс орнатқан. Оның ішінде АҚШ-тың Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, Ұлыбританияның Western international college оқу орнымен, Польшаның Катовицхағы Силез университетімен және Түркияның Нийде Өмер Халисемир университетімен қосдипломды білім беру бағдарламасы сәтті жүзеге асып келеді.

Биік белеске бет алған білім ордасына Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 25 желтоқсандағы Жарлығымен «Ұлттық» мәртебесі берілді. Бұл – еліміздің өрісін кеңейтуге сүбелі үлес қосып келе жатқан ұстаздар қауымына деген құрметтің айқын үлгісі деп топшылауға болады. Осы орайда ерекше атап өтетін жайт, университет егемендіктің елең-алаң жылдарында Елбасының қолдауының арқасында жабылып қалмай, есесіне әлемдегі бірегей білім ордасы ретінде өзіндік брендке айналды. Бүгінде тек қыздар оқитын жоғары оқу орындары АҚШ, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Корея, Жапония, Үндістан сынды көшбасшы мемлекеттерде ғана бар екендігін ескерер болсақ, оқу орнын дамыту стратегиялық көрегендікті айғақтайды.

Университет 75 жылға жуық уақыт аралығында өзінің қалыптасуы мен дамуы жолынан өтті. Ұлт зиялылары қызмет атқарған ұлағат ұясында осы уақыт аралығында мыңдаған білікті маман даярланды. Қыздар университеті – көптеген түлектер үшін альма-матер. Осы уақыт аралығында оқу орнының қабырғасынан мыңдаған білікті педагогтар, тарихшылар, журналистер мен тіл мамандары түлеп ұшты. Қазақстандағы талантты ғалымдар мен дарынды ұстаздардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шығып, Отанмыздың дамуы жолында жемісті қызмет атқаруда. Әр жоғары оқу орны

қызметінің айқын нәтижесі – түлектері. Олардың қол жеткізген табыстары. Осы тұрғыдан алып қарағанда бірегей университет өз түлектерімен мақтана алады. Олар өз жетістіктерімен оқу орнын ғана емес, Қазақ елін жаһанға танытып жүр.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Тәңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі сөнбесін дейік» деген сөзі қай кезде де өз өміршеңдігін жойған емес. Бүгінде университет расымен де білім іздеген

жас үшін бағдарын айқындайтын шамшырақ рөлін атқарып келеді.

Әлемдегі бірден-бір тек қана арулар білім алатын Қыздар университеті – педагог даярлап қана қоймайды, ол ұрпақ тәрбиешісі ретінде саналатын болашақ мамандардың бойына халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа мирас келе жатқан тағылымды тәрбиесін, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін сіңіреді. Бұл – арулардың парасат мектебіне айналған білім ордасының өзіндік ерекшелігі. Бұл – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дара жолы.



BILIM JAŃALYQTARY

REITING



ЎЗДИК ҰНИВЕРСИТЕТТЕР АНЫҚТАЛДЫ

«Atameken» UKP Basqarma tóragasynyń orynbasary Oljas Ordabaev 2019 jylы bilim berý baǵdarlamalary retindegi TOP-10 quramyna engen joǵary oqý oryndaryn atady.

Ата кетерік, «Atameken» Ulıtyq kásiplerler palatasy eki jyl qatarynan QR Bilim jáne ǵylym ministrлігі мен «Eńbek resýrstaryn damytý ortalyǵy» AQ-men birlesip, otandyq joǵary oqý oryndarynyń bilim berý baǵdarlamalaryna táyelsiz baǵalay júrgizip keledi. Búgin elordada sol reitinginiń nátiyesi jarnalandy.

Sonymen, ondyqtyq qataryna KIMEP ǵniversiteti, KAZGLYÝ ǵniversiteti, Halyqaralyq aparattyq tehnologualar ǵniversiteti, Súleiman Demirel ǵniversiteti, Qostanaı memleketik pedagogikalыq ǵniversiteti, Qazaqstan-Britan tehnikalyq ǵniversiteti, M. Qozybaev atyndaqy Soltústik Qazaqstan memleketik ǵniversiteti, Halyqaralyq bilim berý korporatsıyası, Almaty energetika jáne baılanys ǵniversiteti jáne L.N. Gýmlev atyndaqy Eýrazıa ulıtyq ǵniversiteti endi.

«Bul joǵary oqý oryndary qatysqan reitingterde jaqsy oryndardan kórinde. 2019 jylдың retinginde olardıń kóshbasshylyq úlesi atarlyqtai joǵary boldı. Bul oqý oryndarynda jyl sayın túlekerdi dairlaý jaqsy deńgeide», – dedi Oljas Ordabaev.

inform.kz

ǴYLYM



QAIRAN, PLAGIAT!

QR Bilim jáne ǵylym ministri Ashat Amaǵambetov bilim salasynda plagiatpen kúres sharalary týraly túsinik berdi.

«Akademıalyq adaldyq, plagiat máselesi kóterildi. Bul másele boıynsha da ministrlik tristi sheshim qabyldaıda. Turnitin degen eń úzdiк 15 myń ǵniversitet qoldanatyn antplagiatтыq júze bar. Sol júzege biz byl jazylp, qoldandyq. Biz normativtik qujattarǵa ózgerister engizdik. Endi barlyq kырстыq, diplomdyq jumstary, árne dissertatsıalar mindetti túrde osy júeden ótedi», – dedi vedomstvo basshysy.

Onyń sózine qaraǵanda, jazylǵan eńbeker bul júeden ótip qana qoımai, sol júede saqtalady. Sondyqtan da bir ret jazylǵan jumstı ekinshi ret qorǵap shyǵy múmkindigi budan bylai bolmaıdy.

inform.kz

BILIM



GRANTTYŃ QUNY ARTADY

Bilim granty ortasha alǵanda 340-420 myńnan 900 myń teńgege deın ósireledi. Bul týraly QR Bilim jáne ǵylym ministri Ashat Amaǵambetov málimdedi.

«Jas mamam» jobasy boıynsha 180 kolledjdiń materialdyq-tehnikalyq bazasy jańartylady. Ol úshin byđjetten 58 mlrd teńge qarastyrylmaq. Tegin kásibi tehnikalyq bilim baǵdarlamasymen jyl sayın 100 myń stýdentti qamtıyn bolamyz. Al dýaldy oqymen qamtılǵan stýdentterdiń sany 35 paıyzǵa jetedi. Kolledj stýdentterin jumysqa ornalastyry kórsetkishi 60-tan 75 paıyzǵa deın jetetin bolady. Joǵary bilim baǵdarlamalaryn kásibi standarttarǵa negizdep, 100 paıyz jańartı mindeti tur. Shetel stýdentteriniń sany jalpy kontingentiniń 10 paıyzyn qurattyn bolady. Bilim grantınyń ortasha alǵanda 340-420 myńnan 900 myń teńgege deın ósirı arqyly professorlyq-oqytıshylyq quramnyń eńbekaqsyn kóterı, ǵniversitetterdiń materialdyq bazasyn jaqsartı qarastyrylyp otyr. Bul kópten kútken jańalyq. Shyny kerek 2011 jylдан bastap grant quny jalpy ózgermegen. Osyǵan byđjetten 244 mlrd teńge qarastyryldy», – dedi 2025 jylǵa deın Qazaqstanda bilim men ǵylymny damytıdyń memleketik baǵdarlamasyn tanystyrǵan Ashat Amaǵambetov.

Onyń aıtynsha, 10 ǵniversitette akademıalyq basymdyq ortalyqtaryn qurı úshin 21 mlrd teńge bólinip, 10 ǵniversitet álemniń úzdiк 500 ǵniversitetiniń qataryna kiretin bolady.

inform.kz

Тілекес ЕСПОЛОВ,

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры



Сәуле САҒЫНТАЕВА,

Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры



Мұхсин ҚАР,

Нийде Өмер Халисемир университетінің ректоры



Қадірлі университет ұжымы! Қымбатты Гаухар Төремұратқызы!

Алматы энергетика және байланыс университетінің ұжымының атынан және өз атымын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің құрылғанына 75 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Жетпіс бес жыл – бұл айтулы тарих. Сіздердің бүгінгі жетістіктеріңізді, ертеңгі күнге деген нақты сенімділік айнасы деп есептеуге болады. Университеттеріңіздің бүгінгі мерейтойы – ұжымыңыздың биік белестер мен табысты жетістіктер жолындағы маңызды кезеңі. Оқу орнында бүгінде білім беру мен ғылыми қызмет үшін барлық жағдайы жасалып, қарқынды даму үстінде.

Осы атаулы күнде Сізге және университет ұжымына шығармашылық жетістік, барлық бастамаларыңызға сәттілік, жоспарларыңыздың жүзеге асырылуын әрі еліміздің мүддесі үшін атқарып жатқан еңбектеріңіз мол табыстарға кенелтуін тілейміз.

Тәуелсіз Қазақ елінің жарқын болашағын қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбектеріңіз табысты болсын!

MEMLEKETTİK MÁSELE

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ 5 ЖЫЛДЫҚ ДАМУ БАҒДАРЫ

Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2016-2019 жылдарды қамтыған Білім және ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаның қорытындысы шығарылып, оның алдағы 5 жылға арналған жоспары қаралды.

500 мың педагогтің еңбекақысы 2 есе өседі

Жиында Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов баяндама жасап, Қазақстанда білім мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі жана мемлекеттік бағдарламасы әзірленгенін айтты. Министр өз сөзінде бүгінгі таңда білім және ғылым жүйесінің алдында жана мақсат-міндеттер тұрғанын, бұл міндеттерді шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде 2020-2025 жылдарға арналған жаңа бағдарлама дайындалғанын айтты.

– Жаңа бағдарламада бірнеше стратегиялық құжат негізге алынды. Атап айтқанда, Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламалары, Мемлекет басшысының сайлауалды тұғырнамасы, Тамыз кеңесінде, Жолдауда берген білім саласына қатысты тапсырмалары толығымен қамтылды, – деді министр.

Ол атап өткендей, бағдарлама жобасы педагогикалық ұжымдарда қарапайым мұғалімдердің, сарапшылардың қатысуымен және Парламент депутаттарымен бірге алдын ала талқыланды. Сонымен қатар Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың өңірлерге сапары аясында да жергілікті жерлердегі мұғалімдердің ұсыныс-пікірлері жан-жақты қарастырылды.

– Жобаның тағы бір ерекшелігі, биыл біз PIRLS, PISA, ICILS сияқты 5 халықаралық зерттеудің нәтижесін алдық. Осы зерттеулерді қарап, оның таңдауларына көз жүгірттік. Тиісті шешімдер қабылддық. Ең басты мәселелерді және оларды шешу жолдарын ескердік. Осылайша бұл бағдарлама ғылыми негізде дайындалды деуге болады. Жалпы, мемлекеттік бағдарлама жобасында 2 мақсат, 11 міндет, 8 индикатор және 39 көрсеткіш көзделген. Басты мақсаты – отандық ғылым мен білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру,

құндылықтар негізінде тұлғаларды тәрбиелеу мен оқыту, сонымен қатар экономикамыздағы ғылымның үлесін ұлғайту. Бұл мақсатқа жету 5 бағыт пен 11 міндет аясында жүзеге асады, – деді А. Аймағамбетов.

Министр атап өткендей, Қазақстанда педагогтердің еңбегін нормалау жүйесі енгізіледі.

– Біз жобада педагогтердің мәртебесін бірінші орынға қойып отырмыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай 4 жыл ішінде 500 мың педагогтің еңбекақысын 2 есеге ұлғайту қарастырылған. Мұғалімдерді қайта даярлаудың, біліктілікті арттырудың жана жүйесі енгізілетін болады. Бұдан былай балабақша, қосымша білім және колледж педагогтері, олардың басшылары аттестаттаудан өтіп, жалақысы артатын болады. Педагогтердің еңбегін нормалау жүйесін енгіземіз және 2021 жылдан бастап университеттердің түлектері реттелетін мамандықтар бойынша сертификаттаудан өтетін болады, – деді министр.

Педагогикалық білімді жаңғырту, болашақ мұғалімдердің педагогикалық практикасын өзгерту және оны ұлғайту, оқу бағдарламаларын жалпы 100%-ға жаңарту қарастырылған. 3-6 жастағы балаларды балабақшамен толық қамту жоспарланған.

– Сапаны арттыру мақсатында оларды лицензиялауды кезең-кезеңмен қайтару және балаларды мектепке даярлауды жақсарту үшін жаңа бағдарламалар енгізу көзделген. Күнде көріп жүргеніміздей, жекеменшік балабақшаларда әртүрлі келеңсіз жағдай көбейіп кетті. Сондықтан кезең-кезеңмен лицензиялау мәселесін де қолға алған жөн деп ұйғардық. Өңірлердің жекеменшік балабақшаларының ұсынысы бойынша мемлекеттік тапсырыс құны 30 мың теңгеге дейін жеткізіледі. Ол үшін республикалық бюджеттен 400 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылып отыр, – деді министр.



Бес жылда 800 мектеп салынады

Үкімет отырысында Білім және ғылым министрі алдағы 5 жылда жаңадан 800 мектеп салынатынын айтты.

– Келесі маңызды бағыт – инфрақұрылым. Болжамға сүйенсек, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 500 мыңға жуықтайды. Аталған проблемаларды шешу үшін мектептер мемлекет және жекеменшік тарапынан салынатын болады. Атап айтқанда, 650 мыңнан астам орындық 800 жана мектепті мемлекеттік бюджет тарапынан және жеке инвестиция тарту арқылы салу жоспарланды. Оған 876 млрд теңге бөлінеді. Нәтижесінде 3 ауысымды мектептер мен орын тапшылығы шешіліп, апатты мектептер азаяды, – А. Аймағамбетов.

Министрдің айтуынша, ауыл мектептерін қолдау үшін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы негізінде ауылдағы тірек мектептер үшін 114 интернат салуға 53 млрд теңге бөлу жоспарланған.

– Бүгінде елімізде 1879 мектепте спорт залы мүлдем жоқ. Осыған орай оқушы саны 150-ден асатын барлық мектепте спортзал салынады. Бұл мақсатта 724 спортзалын салуға 80 млрд теңге бөлінді. Жаңа бағдарлама аясында барлық мектептерді физика, химия, биология пәндік кабинеттермен толық қамтамасыз етуге 100 млрд теңге, пәндік кабинеттерді компьютерлермен қамтуды 100%-ға жеткізу үшін 50 млрд теңге тағы бөлініп отыр. Бұл мәселелердің жылдар бойы шешілмей келгенін атап өткім келеді, бұл – шын мәнінде білім саласы үшін өте үлкен жақсы жаңалық, – деді сала министрі.

А. Аймағамбетов шағын жинақталған мектеп педагогтеріне еңбекақы төлеу жүйесі өзгертілгенін айтты.

– Тағы бір маңызды мәселе – қалалық және ауылдық мектептердің білім сапасындағы алшақтықты азайту. PISA деректері бойынша қазір алшақтық 1,5 жылды құрайды. Оны қысқарту үшін кешенді шаралар қабылданды. Ең бастысы, білікті педагогтермен қамтамасыз ету үшін шағын жинақталған мектеп пе-

дагогтеріне еңбекақы төлеу жүйесі өзгертіледі, ауылдық мектептерді оқу материалдарымен, компьютерлік жабдықтармен және цифрлы техникамен, цифрлы ресурстармен толығымен қамтитын боламыз. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 150 млрд теңге арнайы қарастырылып отыр, – деді министр.

А. Аймағамбетовтің айтуынша, әлемдік тәжірибеге сәйкес білім сапасын арттыруда бақылаудың орны ерекше. Енді сыртқы бақылау тек қана кемшілікті табу емес, оның алдын алу және жою үшін әдістемелік көмек беруге бағытталатын болады.


– Осы тұста бақылаудың жаңартылған жана жүйесін енгіземіз. Университеттерге, колледждерге қойылатын талаптарды күшейтетін тиісті нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдаймыз, – деді министр.

Тақырыпты қорытындылау барысында Премьер-Министр Асқар Мамин 3 жылда мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін 1 трлн 466 млн теңге бөлінгенін мәлімдеді.

– Мектепке дейінгі ұйымдардың желісі 1728 бірлікке ұлғайтылды, 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі оқытумен қамту 98%-ға дейін артты. 1-10 сынып оқушылары (95,4%) жаңартылған мазмұнға көшті. 273 мың мұғалім (94%) жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқытылып, 30% мөлшерінде үстемеақы алуға. Аттестациядан өткен 123 мыңнан астам мұғалім 30-50%-ға қосымша төлем алады. Білім беруді дамыту Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытының басты басымдықтарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім сапасын одан әрі жақсартуға, қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайтуға және педагогтердің мәртебесін арттыруға ерекше назар аударды, – деді А. Мамин.

Еркежан АЙТҚАЗЫ,
журналист
(«Egemen Qazaqstan» газетінен ықшамдалып алынды)

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМУ



НАУКА

Инновации гарантируют успех!

О том, какого успеха добились в Год молодежи студенты Казахского национального женского педагогического университета, корреспонденту BNews.kz рассказал руководитель пресс-службы вуза Жандар Асан.

По его словам, молодые ученые Казахского национального женского педагогического университета стали обладателями патента «Способ получения манганита диспрозия, допированного висмутом состава «Bi0,1Dy0,9MnO3». Патент присвоен за инновационную разработку неорганического наноструктурированного материала.

– Под руководством доктора химических наук, профессора Мухаметкали Матаева преподаватели факультета Природоведения Жанар Турсынова, Мольдир Абдраимова и Асель Кездикбаева уже несколько лет вели исследования и опыты в научно-исследовательском центре химии и биологии вуза. Их труд не пропал даром, они добились конечного результата, в научном центре признали открытие, – говорит Жандар Асан.

Ученые подтверждают, что и дальше продолжат исследования в данном направлении. Тем более, что материально-техническая база университета полностью соответствует их требованиям.

Открытие относится к технологии получения новых твердых сплавов в составе перовскита и найдет широкое применение в химической промышленности. Кроме того, оно будет применяться при изготовлении элементов спинтроники, а также для повышения плотности магнитных носителей при написании информации.

По словам спикера, это второй патент молодых ученых. До этого группа ученых добилась результата в работе «Способ получения висмут-феррита из состава YbBiNaFeO5». Патента они удостоились за синтез неорганического материала наноструктуры.

Елбасы Н. Назарбаев в Послании от 5 октября 2018 года объявил 2019 год Годом молодежи.

Сегодня важнейшими документами, определяющими государственную молодежную политику являются закон РК «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан», утвержденное Елбасы постановление Правительства РК от 27 февраля 2013 года о концепции развития государственной молодежной политики Республики Казахстан «Казахстан 2020: путь в будущее». Эти нормативные документы являются правовой основой проведения в стране молодежной политики и развития нашего государства.



ULAҒАТ

Тәуелсіздік тірегі

Айбыны асқақ еліміздің азаттық алып, егемендігін жариялағанына 28 жылдың жүзі болды. Жыл өткен сайын қарқынды дамып келе жатқан мемлекетіміздің бүгінгі – жарқын, болашағы – айқын. Біз үшін Тәуелсіздік мерекесінің мәні өзгеше, маңызды ерек. Ұлттымыздың ұлық мейрамы барша отандастарымыз жоғары дәрежеде атап өтеді. Атаулы дата қарсаңында ұлағат ұясы атанған Қыздар университетінде тағылымды іс-шара өтті.

«Тәуелсіздік – тірегі Қайсар рухты қазақтың» тақырыбындағы жиын Желтоқсан оқиғасының құрбандарын еске алумен басталды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын студенттер мен топ жетекшісі Г. Нұрбекованың ұйытқы болуымен ұйымдастырылған тағылымды терек жиынды факультет деканы Жанар Қиынова алғы сөзбен ашып, атулы күннің мән-маңызына тоқталып өтті.

– Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Егемендікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркеніне мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 28 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанда әлемдегі ең мықты мемлекеттер танытындай деңгейге жеткізген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі ерен екендігі рас, – деді Ж. Қиынова.

Шара барысында 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде құрбан болған қазақ жастарын еске алуға арналған әдеби монолог көпшіліктің ықыласына бөленді. Қанды оқиғада баласынан айырылған ана, ағасының өліміне куә болған қарындас, жазықсыз опат болған Қайрат Рысқұлбековтің бейнесі сомдалды.

Қанды оқиғаның құрбаны болған жазықсыз жастардың жан сыры монополен әртүрлі кейіпкерлік образ арқылы студенттердің сахналуымен көрермен көңіліне жол тартты. Одан әрі қарай Желтоқсан оқиғасының құрбаны болған қазақтың қаршадай қызы Сәбира Мұхамеджанқызын еске алумен жалғасын тапты. Сахналық қойылымда батыр қыздың оқиғаға қатысып, жазалы болғаны, ұлтшыл деп жала жабылып

бүлікші атанғаны сөз болды. Сондай қиын күн туса да, өзімен бірге алаңға шыққан 15 студенттің бар жауапкершілігін өз мойнына алып, олардың өмірін аман алып қалғаны, сол жолда өз жанын қиып мерт болғаны сахналық қойылыммен шебер суреттеліп, әсерлі жеткізілді. Қаршадай қазақ қызының тағдырын сахналық қойылыммен көрсетудің өзіндік мағынасы бар. Мақсатымыз – Сәбираның қысқа ғұмырындағы ерлігі мен өрлігін кенінен насихаттау, атын өшірмеу, мерейін өсіру, ержүрек қыздың рухына тағзым ету. Сондай-ақ аталған тарихи оқиғаның құрбаны Нұрболат Нұрбеков жайындағы деректі фильм мен театрландырылған сахналық көрініс те жиналғандарды бей-жай қалдырмады.

Сол уақытта небәрі 21 жаста болған жігіт Желтоқсан оқиғасына екі күн қатарына қатысып, соққыға жығылып, итке таланып, таудың қалың қарына көміліп, аяқтарын жартылай үсік шалған бұл азаматтың тағдыры адам аярлықтай екені рас. Өмірінің соңына дейін елеусіз ғана өткен азаматтың тарихи оқиғаға қатысуы – халқының алдындағы азаматтық борышы деп ұқтық. Кешімізге қатысқан қызы Назерке Нұрболатқызы қайсар әкенің жасаған азаматтығына тебіренді, сезімі мен сағынышын жасыра алмады. Осы орайда атап өтерлік жайт, Желтоқсан құрбандарын еске алу, оларға құрмет көрсету, ерлігін дәріптеу біздің қоғамда әлі де өз шешімін таппай тұр. Кеш барысында біз осы жайтты аңғардық. Бүгінде көзі тірі, осы оқиғаға қатысқан тұлғалардың ерлігін жастарға насихаттап, дәріптеуіміз керек. Өйткені бүгінгі бақытты өмір, тәуелсіздік, азат күн сол жандардың ерлігімен келді. Біз оларға мәңгілік қарыздармыз.

Шараның екінші бөлімін өнерлі студенттер дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты. Кеш қонақтары мен көрермендер өздерінің әсерлі ойын, жүрекжарды тілектерін білдіріп, тағылымды шараның өтуіне мұрындық болғандарға ризашылықтарын білдірді.

Желтоқсан құрбандарын тек осындай атаулы күндерде ғана емес, әрқашан және мәңгілік жүректе сақтауға тиіспіз деп ойлаймын. Бұл бүгінгі ұрпақтың еншісіне тиген үлес. Желтоқсанның мұзға жаққан алауы ешқашан сөнбесін! Біз киіз туырлықты қазақтың қаһарман перзенттерін әрдайым мақтан тұтамыз.

Гүлшат НҮРБЕКОВА,
Қазақ филологиясы және әлем тілдері
факультетінің аға оқытушысы

ЛИЧНОСТЬ

Вдохновляющий пример

Специалисты, работающие с языками, весьма востребованы и в наше сугубо прагматичное время, предшествующее наступлению эры искусственного интеллекта, поскольку в лингвистике также появляются новые тенденции и угрозы существующим нормам и правилам. И даже в золотой век русской литературы было понимание важности и значимости их фунда. «Создать язык невозможно, ибо его творит народ; филологи только открывают его законы, а писатели только творят на нем сообразно с ними законами», – писал Виссарион Белинский. То есть языковедам отводилась роль законодателей. Мне же наши филологины (эта отрасль знаний и исследований у нас сложилась преимущественно женской) больше напоминают не законодательниц, а жриц, ведь искренне и беззаветно служат избранному делу всю жизнь.

Филолог широкого профиля

Ярким примером высокой самореализации на этом поприще может служить известный ученый Валентина Ивановна Жумагулова.

Каких только званий и степеней отличия не снискала эта волевая и целеустремленная женщина! Она доктор наук, профессор, академик Международной академии наук высшей школы, заслуженный деятель РК, почетный работник образования республики, лауреат премии Союза журналистов Казахстана, основатель научной школы. Но особенно гордится тем, что вырастила множество квалифицированных учителей, подготовила к научной карьере способных молодых ученых. Под ее руководством защитили докторские, кандидатские и магистерские диссертации более 35 соискателей.

При этом сама остается, как о Валентине Ивановне уважительно говорят коллеги, активной творческой силой. В очередной раз успешно выиграла конкурс и сейчас в главе исследовательской группы реализует трехлетний проект «СМИ Казахстана в условиях глобализации и их влияние на модернизацию общественного сознания (лингвистический аспект)».

В обосновании сказано: «Заявляемое исследование связано с научными исследованиями, проводимыми научным руководителем и исполнителями с 2006 года: «Лингвокультурное взаимодействие казахского и русского языков в условиях суверенного Казахстана (2006 – 2008)», «Оптимизация учебно-методического обеспечения по русскому языку и литературе в высшей школе» (2006 – 2008), «Русский язык как транслятор специальной терминологии в науке о казахском литературном языке» (2009 – 2011), «Формирование языковых компетенций педагогических кадров в условиях реализации политики полиязычия в Казахстане» (2015 – 2017).

Как видно из этой выборки, помимо работы на кафедре русского языка и литературы Казахского национального женского педагогического университета профессор В.И.Жумагулова постоянно задействована в осуществлении крупных научно-исследовательских проектов.

Она к тому же много пишущий и выпускающий ученый. Перу Валентины Ивановны принадлежат монографии, различные словари, учебники, пособия и, конечно же, многочисленные научные статьи, имеющие как теоретическую, так и практическую ценность.

Отдельно остановлюсь на словарях. Среди них стоит выделить «Словарь внешнеэкономических терминов» (В.И.Жумагулова, Т.В.Жевлакова, Л.А.Панова, 1993); «Словарь современных понятий и терминов» (1997); «Краткий словарь литературоведческих терминов» (2006), «Краткий словарь лингвистических терминов» (2006); «Общественно-политический словарь русского языка (конец XX – начало XXI вв.)» (2010).

Вот такой широкий диапазон.

А на очереди был следующий словарь, в развитие проекта «Русский язык как транслятор специальной терминологии в науке о казахском литературном языке».

Казахская лингвистическая терминология – системное образование, в котором прослеживается взаимодействие различных по происхождению терминов и их значений. Активизация в республике процессов взаимодействия языков выразилась в том, что русский стал выступать как один из трансляторов специальной терминологии в науке о казахском литературном языке.

Межкультурное взаимодействие русского и казахского языков содействует выявлению и использованию внутренних возможностей родного языка. Так в условиях двуязычия, под влиянием русских и интернациональных терминов, выражаемые ими понятия стали осмысливаться и передаваться с использованием основ и грамматических формантов родного языка.

Результат исследования – «Словарь лингвистических терминов казахского языкознания» (2011).

Еще одно направление деятельности. Как разработчик элективных дисциплин и спецкурсов «Проблемы лексической семантики», «Проблемы языковой и индивидуально-авторской картины мира», «Актуальные проблемы русского языкознания», а также спешеминара «Языковые средства выразительной речи» В.И.Жумагулова планомерно занимается актуальными проблемами современной русистики и языка масс-медиа.

Валентина Ивановна уделяет большое внимание разработке и содействует внедрению инновационных методов и приемов обучения. Эти ноу-хау затем составляют основу учебных пособий по культуре речи, образовательно-выразительным средствам языка, нормам ударения, произношения и другим направлениям.

В целях эффективной организации самостоятельной работы студентов опять же профессор Жумагулова, приложив колоссальные усилия, составила электронные учебные пособия по лексикологии современного русского языка и спецкурсу «Проблемы языковой и индивидуально-авторской картины мира».

Структура электронных изданий построена по тематическому



принципу, отвечает дидактическим и методическим требованиям преподавания дисциплин и состоит из следующих компонентов: лекционный материал, фонетико-лексико-грамматический минимум, глоссарий, интерактивные задания и тесты для самостоятельной работы с целью закрепления материала, а также тематика курсовых и дипломных работ.

Целенаправленная и методически целесообразная система заданий и упражнений в курсах подчинена решению экстралингвистических задач и призвана обеспечить формирование у студентов как языковых навыков, так и речевых умений, повысить понимание сущности и социальной важности будущей профессии.

Кроме того, под общей редакцией профессора В.И.Жумагуловой разработаны электронные учебные пособия по истории русской литературы XI – XVIII веков, истории зарубежной литературы до XIX века.

Сначала была журналистика

Непрекрасимый авторитет, уважение коллег, международная известность. Но не вдруг, не в одночасье человек становится знаменитым. Вот и Валентина Ивановна из года в год, сначала ударной учебой, а затем трудом и упорством, сопряженными опять же с учебой, строила свою биографию.

...На факультет журналистики КазГУ она поступила после окончания подготовительного отделения, или «подкурса», как обиходно его называли.

«Подкурс» стал судьбоносным, потому что в стенах alma mater «Мисс Студенческая Весна» встретила своего супруга – студента факультета прикладной математики и заводела славных молодежных начинаний. Они поженились уже на первом курсе. Вовсе не помышляя, что основали tandem академика и семью стопроцентных ученых. Забегая вперед, скажу, что их сын – доктор экономических наук, академик МИА, а дочь – кандидат юриспруденции, ведущий эксперт в сфере обеспечения качества образования.

По завершении журфака Валентина Ивановна отнюдь не спешила в науку, но осталась в университете по убедительной просьбе известного журналиста, видного ученого, замечательного писателя и автора популярного романа «Таншолпан» Абиляфаза Идрисова. Он в восьмидесятые был редактором многотиражной газеты «Казахский университет» и предложил хорошо зарекомендовавшей себя выпускнице стать ответственным секретарем издания.

Позднее журналистика стала одним из ведущих разделов научной деятельности Валентины Ивановны.

В 1988 году она защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук по теме «Лингвистические средства создания комического в языке сатирического журнала «Шмель»».

Я здесь перечислю лишь названия нескольких статей и научных работ, касающихся журналистики, по которым вы поймете, насколько глубоко и разносторонне разрабатывает ее проблематику пылливый и неутомимый в поисках ученых: «Авторские тропы в газетном тексте», «Авторское преобразование литературных и песенных цитат», «Инновации в прессе Казахстана», «К вопросу о функционировании эмоционально-экспрессивной лексики на страницах газет и журналов», «Комические аббревиатуры», «Мифологемы в прагматике языковой личности казахстанского политика», «О некоторых фразеологических средствах комического», «О некоторых стилистических функциях заголовков», «О правомерности публикации на страницах газет и журналов неправильностей русского языка».

Последняя из названных работ, должно быть, сейчас, когда, по выражению Хуго Штейнхауса «просвещение распространилось настолько, что можно читать, писать и публиковать, оставаясь неграмотным», особенно актуальна.

Накопление материала и дальнейшее углубление в избранную тему

логично привело к защите в 2001 году уже докторской диссертации – «Сатира и юмор в русскоязычной прессе Казахстана: лингвистический аспект».

И очень справедливое решение принял Союз журналистов Казахстана, наградив в 2003 году В.И. Жумагулову своей премией. Она ее заслужила и отработала на все сто процентов. И как журналист, и как погруженный в тематику и проблематику сферы массовой коммуникации ученый-исследователь.

Иначе и быть не могло, потому что Валентина Ивановна многие годы провела в общении с корифеями отечественной журналистики, такими мэтрами, как Тауман Амандосов, Темирбек Кожакеев, Василий Дмитриевский (все они в свое время были деканами факультета журналистики), Юрий Крикунов и, разумеется, вышеупомянутый Абиляфаз Идрисов – можно сказать, первый учитель во взрослой жизни!

Она навсегда прониклась вивавшим на журфаке, невзирая на суровость администрации, духом демократии, «поставила руку», а главное – обрела неиссякающий запал, который постоянно подстегивал в работе да и сейчас подвигает к новым свершениям.

Планета ЖенПИ

С 1988 года Валентина Ивановна трудится в Казахском государственном женском педагогическом институте (теперь – Казахский национальный женский педагогический университет).

Она поступательно прошла позиции преподавателя, старшего преподавателя, доцента кафедры русского филологии, дойдя до должности заведующей кафедрой русского языка и литературы с благословения ректора, академика Сейлбека Исаева и корифеев филологического факультета Галии Ибрагимовны Мамановой, Гульбазар Избасаровны Байтугаевой, Клары Жагипаровны Мынжасаровой.

В ее лице вуз и педагогика в целом обрели прекрасного специалиста, а мы, коллеги, внимательного и чуткого товарища.

Не преувеличу, если скажу, что институт стал для Валентины Ивановны вторым домом, мы же все сполна ощутили ее заботу и продолжаем пользоваться плодами ее широкой, щедрой души.

Она охотно опекает научную молодежь, и сейчас несколько наших сотрудниц участвуют в крупном проекте, инициированном профессором Жумагуловой.

Она с дочерней любовью относилась к нашему всеобщему кумиру Валентине Айтешевне Исенгалиевой, ученому с мировым именем. Представляете, старшая подруга называла свою молодую тезку мамой! Причем, не только при жизни наставницы хлопотала о ней благодарная ученица, но и сделала все для увековечения памяти.

Примечательно, что к ней не только студентки и аспирантки тянутся, но и люди старшего, пожилого возраста, давно сказавшие свое веское слово в филологии. Этот элитарный круг общения вপুরе назвать плеядой. Потому что образовали его величины. Что называется, звезды сошлись. Элеонора Дюсеновна Сулейменова. Академик Международной академии наук высшей школы, президент Казахстанской и член президиума Международной ассоциаций преподавания русского языка и литературы, дочь и продолжатель знаменитой династии Учителя учителей, Героя Социалистического Труда Рафики Бекеновны Нуртазиной. Видные ученые, доктора наук, ведущие целые направления филологии, Рашида Садыровна Зуева, Галина Васильевна Ким, Надежда Ивановна Гайнуллина и другие.

В общении со светилами науки все ярче разгоралась звезда Валентины Ивановны. И уже новая плеяда складывалась – вокруг нее. Появились последователи и подвижники. Сформировалась научная школа Жумагуловой.

Но звездности она не подвержена и всегда остается абсолютно земной, открытой и убежденной в том, что нет плохих людей и каждый наделен своей искоркой, готовой помочь, кажется, целому миру.

Верная подруга, любящая жена, чуткая и нежная мама, прямо-таки идеальная казахская келин, досконально разбирающаяся в традициях и обычаях казахского народа, непревзойденный мастер по национальным блюдам, – это все о ней, Валентине Ивановне Жумагуловой.

Всегда приветливая, улыбочивая, ни разу не повысившая голос на подчиненных, она – неизменный центр притяжения. И в коллективе, и дома.

Знаю, что дом хлебосольных Жумагуловых всегда полон гостей, наполнен светом и радостью. И эта добрая аура во многом обусловлена сердечной теплотой хозяйки, которая успевае буквально все.

И при этом все делает надежно, на совесть.

А работать с ней – одно удовольствие. В том числе – и под ее началом.

Бейбиткуль Каримова, зачитывая под руководством Валентины Ивановны кандидатскую диссертацию и теперь работающая с нею в одном проекте, иначе чем без восхищения не может говорить о нашем замечательном профессоре.

Она с пиететом отмечает в наставнице - ученом и педагоге от бога - талант невяно, незаметно, но существование помогать. И направит в нужное русло, и текст отредактирует. Если надо – успокоит, утешит, приободрит, даст совет. Глядишь, и работа продвинулась.

Видеть в человеке потенциал и уметь нацеливать его на максимум – тоже редкий дар, который позволяет ученому-руководителю быть эффективным менеджером.

И это – вновь о Валентине Жумагуловой. Она находится в поре академической мудрости и творческого расцвета, с головой погружена делами, но полна смелых творческих замыслов и неординарных идей.

И сегодня самое время с удовольствием поздравить Валентину Ивановну с маленьким юбилеем и пожелать ей всего самого доброго! Думаю, на таких мудрых, ответственных профессорах, преданных науке, своему делу, педагогике держатся традиции и уровень высшей школы.

Гаухар АЛДАМБЕРГЕНОВА,

Ректор Казахского национального женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор

ГОРЖУСЬ НАСТАВНИКОМ МОИМ

Валентина Ивановна Жумагулова – педагог, ученый и человек с большой буквы. Она удивительно сочетает в себе такие прекрасные качества, как объективность, требовательность, мягкость, доброту и самое главное – человечность.

Будучи заведующей кафедрой русского языка и литературы КазЖенПИ, она умело руководила коллективом, создавая благоприятный рабочий климат. При этом чутко и трепетно (это чувствовалось) относилась к каждому. У нас словно была одна большая дружная семья.

Обладающая светлой, чистой душой, она внимательна ко всем. В потоке нескончаемых дел на кафедре не забудет спросить у коллег о членах семьи, порадуется каждому хорошему событию в их жизни. Каждый из членов нашей кафедры занимал особое место в ее сердце, о чем она постоянно говорила.

Она – образец человеческой справедливости, доброты и отзывчивости. Взять хотя бы ее редакторскую щедрость: обучила не одно поколение филологов тонкостям стилистической правки. В ее руках перо превращается в волшебную палочку.

С доброй грустью и болью вспоминаем, с какой

благодарностью и любовью относилась Валентина Ивановна к своему учителю Валентине Айтешевне Исенгалиевой, чье имя широко известно в научном мире как основательницы школы лексикографии, подготовившей не одно поколение ученых-языковедов. Валентина Ивановна, зная, сколь тяжело было ее учителю пережить потерю единственного сына, всегда находилась рядом. Достоинно проводила ее в последний путь, как родного человека. Этот поступок, конечно же, характеризует ее как женщину милосердную, верную дружбе и преданную высоким узам.

Глубоко и искренне чтя своего бывшего руководителя и наставника, Валентина Ивановна добилась открытия в стенах Казахского национального женского педагогического университета именного кабинета В.А.Исенгалиевой, а сейчас ходатайствует о присвоении ее имени одной из школ Западно-Казахстанской области.

Чувство восхищения и благодарности испытывают ее ученики постоянно, когда говорят о Валентине Ивановне. Восхищения – неординарностью этой личности. Благодарности – даже за самую возможность общения с Учителем.

Валентина Ивановна – человек, у которого есть внутренняя гармония. Она одинаково мила и прекрасна в ипостасях жены и матери, ученого и любимой бабушки, чудесной хозяйки и мудрой женщины!

И во всем она, во всех проявлениях убедительна и совершенна.

У человека может быть идеал и эталон. Идеалом для многих учеников стала Валентина Ивановна. Духовность и умение озарить своим светом другую личность дает людям, окружающим ее, желание создать себя, развиваться, расти и идти к новым высотам.

Я считаю ее счастливой женщиной, ведь, как говорил один мудрец, счастье не во внешнем обладании чем-то – оно внутри нас! А счастье приходит через любовь! Любовь близких, мужа, детей, внуков. Любовь и благодарность учеников! Любовь и уважение тех, кто хотя бы раз в жизни соприкоснулся с Валентиной Ивановной.

Сформированные еще в детском возрасте исключительная порядочность, скромность, доброжелательность, интеллигентность, стремление помочь другим – отличительные черты характера В.И. Жумагуловой. И весь этот спектр человеческих достоинств она привнесла в свою семью.

Валентина Ивановна благоговейно и с огромным уважением относилась к маме своего супруга Кенжетай Батырбековне, чьи мудрые наставления дома у Валентины Ивановны оставили в наших сердцах неизгладимые теплые, глубокие следы от ее тончайшей души, искренности и нежного отношения к ней. А Валентина Ивановна, в свою очередь, проявила

себя настоящей казахской снохой. Русская женщина, она органично впитала казахские традиции и обычаи, ее самые вкусные баурсаки и бешбармаки всегда отличаются особым вкусом.

Замечательная, самодостаточная женщина стала достойным единомышленником своего мужа.

В казахстанской русистике имя Валентины Ивановны занимает особое место, ее научные труды и изыскания известны и за пределами нашей страны. Она сформировала свою научную школу и воспитала прекрасных учеников с большим научно-педагогическим потенциалом, которые в настоящее время работают по всему Казахстану и вносят свою лепту в дело развития образования и науки! В стране ее знают как яркого, самобытного человека, крупного ученого, убежденного сторонника демократических преобразований. Успешно совмещая плодотворную научную и педагогическую деятельность, активно участвовать в общественной жизни ей помогают компетентность и опыт, широта интересов и высокие организаторские способности.

Валентина Ивановна Жумагулова являет собой пример преданности науке, устремленности к знаниям и новым достижениям, любви к людям и окружающему миру.

Я горжусь Вами, наставник!

Бейбиткуль КАРИМОВА,
кандидат филологических наук



ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІ ЖЕТІСТІГІ

Жандар АСАН,

Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы



«Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарыққа». Ұлтымызда ұлағатқа айналған осындай бір сөз бар. Зерделі жан күнтізбедегі ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алып тұрып өткеніне көз жүгіртпін, істеген ісін сараптайды. Кешегі күнін ой елегінен өткізіп, ертеңіне бағдар жасайды. Жетпіс бес жылдық тарихы бар қараша-желтоқсан Қыздар университеті үшін 2019 жыл елеулі жаңалықтарға толы жыл болды. Жаңа жылдың елеулі алаңында өткен жылдың еншісіндегі ауқымды істер мен қол жеткен табыстардың бір парасына тоқталып өтуді жөн көрдік.

«Ұлттық» мәртебесі берілді

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 25 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «Ұлттық» мәртебесі берілді.

Университет 75 жылға жуық уақыт аралығында өзінің қалыптасуы мен дамуы жолынан өтті. Ұлт зиялылары қызмет атқарған ұлағат ұясында осы уақыт аралығында 60 мыңнан астам білікті маман даярланды.

Бүгінде университет әлемнің 70-ке жуық жоғары оқу орнымен ынтымақтастық байланыс орнатқан. Оның ішінде Түркияның Нийде Әмер Халидемир университеті, АҚШ-тың Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, Ұлыбританияның Western international college оқу орнымен және Польшаның Катовицтағы Силез университетімен косдипломды білім беру бағдарламасы сәтті жүзеге асып келеді. Оқу орны ашыларда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Тәңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі сөнбесін дейік» деген сөзі қай кезде де өз өміршеңдігін жойған емес. Бүгінде университет расымен де білім іздеген жас үшін бағдарын айқындайтын шамшырақ рөлін атқарып келеді.

Қыздар университеті – тек педагог даярлап қана қоймайды, ол ұрпақ тәрбиешісі ретінде саналатын болашақ мамандардың бойына халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан тағалымы тәрбиесін, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін сіңіреді. Бұл – арулардың парасат мектебіне айналған білім ордасының өзіндік ерекшелігі. Бұл – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дара жолы.

«ТОП-20» оқу орнының қатарына енді

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) «Казахстанская правда» республикалық газетінде мамандар даярлау деңгейлері мен бағыттары бойынша 2019 жылғы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының Ұлттық рейтингісін жариялады.

Рейтинг қорытындысы бойынша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті еліміздің үздік университеттерінің «ТОП-20» тізіміне кіріп, жоғары оқу орындарының арасында ең жоғары позиция – 7-орынды иеленді.

Ал институционалдық рейтингте «Білім беру» бағыты бойынша Қыздар университеті 2-орынға ие болды.

Мамандарды даярлаудың әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларының рейтингтерінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті жоғары көрсеткіштермен көшбасшылық орындарға орналасты. Білім беру бағдарламаларының мамандар даярлау бағыты мен деңгейіне сәйкестік бойынша жоғары оқу орындарының рейтингісінде жалпы саны 25 жұлделі орындарын алды. Оның ішінде бакалавриат бағдарламасы бойынша – 16, магистратурада – 6 және докторантурада – 3 орын. Айта кетейік, рейтинг бағалауына 59 жоғары оқу орны қатысты.

Кәсіби білім беру колледжі ашылды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанынан Кәсіби білім беру колледжі ашылды.

Орта арнаулы оқу орны 2019-2020 оқу жылына 9 және 11 сыныпты бітіруші талапкерлерді «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» (Біліктілігі: «Тәрбиешінің көмекшісі»), «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі»), «Бастауыш білім беру» (Біліктілігі: «Тәрбиешінің көмекшісі»), «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі») мамандықтары бойынша қабылдау жүргізуді бастады.

Колледж студенттері Алматы қаласындағы орта және орта арнаулы білім беру ұйымдары мен балабақшаларда практикадан өтіп, әрі қарай жұмысқа орналаса алады.

Түркі әлемін зерттеудің жаңа белесі

Әзірбайжан астанасы Баку қаласында Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы өтті.

Баку Еуразия университетінің ұйымдастыруымен алтыншы рет ұйымдастырылған алқалы басқосуға 4 мемлекеттен 500-ге жуық ғалым мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және өнер ұжымдары қатысты. Оның ішінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 40-тан астам оқытушысы мен студенті бар. Әлемдегі ғылым, білім саласында түркі әлеміне қатысты зерттеу жасап жүрген ғалымдардың басын қосып, ғылыми бағытта пікір алмасуды қамтамасыз ету, жаңа ғылыми зерттеулерге жол ашып, түркі әлемі әдебиеті мен мәдениетінің кенеюіне ықпал жасау симпозиумның басты мақсаты. Басқосудың секциялық жұмысында ғалымдар педагогика, тіл, әдебиет, тарих, мәдениет, өнер, халықаралық қатынастар, экономика, философия, әлеуметтану, гендерлік мәселелер жайында және жаратылыстану ғылымдары саласында пікір алмасып, болашақта түркі әлемінде ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру турасында уағдаласты.

Жиын соңында симпозиумға қатысушы университет басшылары өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, арнайы қарар қабылдады.

«Симпозиумның түркі мемлекеттерінің өзекті мәселелерін шешуде маңызды рөл белгіленіп, жетекші ғылыми ортаға айналдыру мақсатында халықаралық деңгейде танылуына жан-жақты қолдау көрсетілуі тиіс. Түркітанудың өзекті мәселелері бойынша ортақ дүниелерді жүйелі түрде талқылаудан өткізіп отыру мақсатында симпозиум жұмыстарын жылына бір рет түркі мемлекеттерінің бас қалаларында ұйымдастыруға мүмкіндік жасау қажет деп санаймыз. Университеттер арасында басталған осы ынтымақтастықтың басқа салаларда да дамуы және мемлекеттері мен қауымдастықтарының әр саладағы ынтымақтастығы өздерінің береке мен бірлікте дамуына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар аймақтар мен әлемнің бейбітшілікте өмір сүруін қамтамасыз етеді» делінген қарарда.

Ауылдық мектептің әлеуетін арттырады

Оқу орнының жас педагог-ғалымдарының бастамасымен «T2T Networking» атты жоба жүзеге асты.

Университет базасында құрылған Қазақстанның жас педагог-ғалымдары Қауымдастығының ұйытқы болуымен қолға алынған жоба орта білім беру саласында басшылық қызмет атқаратын университет тұлғалары мен еліміздің педагогикалық жоғары оқу орнындағы жас ғалымдардың ортақ диалог алаңын құрып, ауылдық жерде орналасқан мектептердің ғылыми-педагогикалық әлеуетін көтеруді мақсат тұтады.

– Жастар жылы мен Қыздар университетінің 75 жылдығы аясында қолға алынған жобаның көздеген мақсаты мол. Бұл бастама – оқу орны тұлғаларының бәсекеге қабілеттігін арттырып, олардың жұмыспен қамтамасыз етуіне ықпал жасайды. Сонымен қатар педагогтардың кәсіби әлеуетін жетілдіреді және білім беруінде жаңа технологияларды қолдануды дамытады. Біздің оқу орны студенттерінің басым бөлігі ауылдық мектептердің түлегі екендігін ескеретін болсақ, аталған білім ұялары жаңа білім беру бағдарламаларын толыққанды меңгеріп, жете танысқаны өте маңызды, – дейді жоба авторлары.

«T2T Networking» жобасы аясында Қазақстан жас педагог-ғалымдары қауымдастығының мүшелері ауылдық аймақтағы мектеп мұғалімдері мен оқушыларға жаңартылған білім беру бағдарламасына арналған кешенді семинар-тренингтер сериясын ұйымдастырды.

Робототехника зертханасы ашылды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде робототехника зертханасы ашылды.

Алдағы уақытта аталған зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған арнайы секциялық үйірмелер құру да жоспарланған. Онда университет ғалымдары робототехника бойынша өңірдегі жоғары оқу орындарының білімгерлері мен мектеп оқушыларын заманауи зертханалық жұмыстарға тартып, олардың ғылыми әлеуетін көтермек.

Мақсат – жастардың робототехника бойынша ғылыми-техникалық шығармашылық қабілетін дамыту. Бұған Қыздар университетінің материалдық-техникалық базасы толық мүмкіндік береді. Физика-математика факультетінің жанындағы Робототехника зертханасы Lego, Arduino және Raspberry роботтарымен, оқу-әдістемелік және бағдарламалық нұсқаулықтармен жабдықталған. Аталған зертхана нақты екі мақсат бойынша жұмыс істейді. Marwin брендімен жабдықталған жиынтықтар арқылы студенттер теория мен тәжірибені ұштастыра алады. Сонымен қатар заманауи құралды терең меңгере түседі. Бір бұл ғана емес. Компьютерлік бағдарламалар арқылы жұмыс істейтін бөлшектерден түрлі роботтар жасауға болады. Бұл – шығармашылықтың жаңа түрімен айналысуға мүмкіндік береді.

Ұлтты ұлықтайтын жобалар

Биыл Қыздар университетінде ұлттық мұрамызды ұлықтап, төл мәдениетімізді жаңғыртуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

Соның бірі – тұңғыш рет ұйымдастырылған «Киелі бесік» республикалық байқауы. Мақсат – Қазақ елін мекендейтін түрлі этнос өкілдері мен халықтардың салт-дәстүрін насихаттау, ұлттық мәдениетті нығайту, өскелең ұрпақты отбасы құндылығын бағалай отырып құрметтеуге, мейірбандық пен ұлттық қолды сақтауға тәрбиелеу және талантты жастарды анықтау. Сондай-ақ бұл фестиваль – бабадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық қазыналарымызды қадірлеуге, жастарды отбасылық құндылықтарды құрметтеуге үндейді. Байқау екі кезеңнен тұрады. Алғашқы турда қатысушылар бесік тақырыбында театрландырылған қойылымды көпшілік назарына ұсынса, екінші кезеңде «Киелі бесік» тақырыбындағы халық әндерін орындады. Олардың қатарында бесік жырлары, ана әлді мен бесік туралы әндер бар.

Қатысушылардың өнері театр қойылымының ақпараттық насихатталуы, бұрын зерттелмеген тың идеяны көрсету, декорация, костюм және актерлік шеберлік сынды бағыттар бойынша бағаланды. Ал музыкалық бағытта әннің сөзі мен әуенінің сапалылығы, шығарманың күрделілігі, орындаушының сахналық киім үлгісі мен мәдениеті назарға алынды. Қазылар алқасының құрамында мәдениет қайраткерлері, ақын, жазушылар мен танымал өнер жұлдыздары бар.

Сонымен қатар 2019 жылы «Қыз Жібек» клубының республикалық форумы өтті. Зияткерлік әлеуеті биік, салауатты өмір салтын ұстанатын қазақ қызының жаңа образын насихаттау және еліміздегі қыздар клубтары арасында өзара ынтымақтастық байланыс орнатуды басты мақсат еткен алқалы жиында қоғам қайраткерлері, белгілі ұстаздар бүгінгі қазақ қызының бейнесі турасында келелі ойларымен бөлісіп, пайымды пікірлерін ортаға салды.

– Бүгінде еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарындағы «Қыз Жібек» клубы ең алғаш Қыздар университетінің қабырғасында ашылған болатын. Қоғамда өзіндік азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін ұйым идеясын кенінен тарату мақсатында оның бөлімдері өзге де білім ордаларында ашылған болатын. Алдағы уақытта аталған бірегей клуб көптеген игілікті істерге ұйытқы болуды көздеп отыр, – дейді форум ұйымдастырушылары.

ЖЫЛ СТАРТАБЫ



Жыл стартабы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Жаратылыстану факультетінің студенттері өсімдік майынан биоотын алудың тиімді жолдарын ойлап тапты.

Назерке Халел мен Муниса Сайдиганиеваның «Құнбағыс майынан биоотын алудың маңызы» тақырыбындағы ғылыми жобасы алғаш рет «Фараби әлемі» атты жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық конференциясында таныстырылды. Ғылыми жоба авторларының айтуынша, биоотынның пайдасы мен маңызы зор әрі қоршаған ортаға тигізетін зияны аз.

– Табиғи қорлар мен энергетикалық ресурстардың сарқылу мүмкіндігі пайда болғаннан кейін адамзат

оларды үнемдеуге және баламалы қуат көздерін ойлап табуға тырысады. Соңғы жылдары әлемнің бірқатар дамыған елдерінде биоотын өндіру қарқынды түрде дамып келеді. Бұл бекер емес. Себебі, биоотын – жаңартылған энергияның көзі, экологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолы. Әрі арзан және қолжетімді. Уақыт өткен сайын дамып келе жатқан қоғам мұнай мен көмір өнімдерінен гөрі адамға да, қоршаған ортаға да пайдалы отын түрін қолданғанды жөн көреді. Сол себепті де біз осы ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыруды жөн көрдік, – деп атап өтті студенттер.

Бүгінде жас ғалымдар «Химия» мамандығы бойынша білім алады. Бұл олардың ғылым жолындағы алғашқы жетістігі. Студенттер тың жобаны алдағы уақытта Жаратылыстану факультетінің базасындағы зертханада жетілдіріп, болашақта стартап жобаларға қатысуды жоспарлап отыр.

ЖЫЛ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ

Арыстағы ағайынға көмек көрсетті

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұжымы Арыста болған жарылыстан зардап шеккендерге арнайы гуманитарлық көмек жеткізді.

Атап айтқанда, құрамында оқу орнының проректоры, факультет декандары мен Медиа департаментінің қызметкерлері бар топ Шымкент қаласында арыстық азаматтарға арналып ашылған 10-ға жуық эвакуациялық бекеттерге арнайы барып,

тұрғындарға университет ұжымының қолдауымен алынған киім-кешек, азық-түлік және күнделікті қажетті тұрмыстық заттарды табыстады. Сонымен қатар аталған орындарда Қыздар университетінің психолог мамандары жарылыстан зардап шеккендерге психологиялық тұрғыдан кеңес берді.

Сапар аясында оқу орнының басшылығы Арыс қаласында тұратын университет студенттерімен де кездесіп, жағдайларымен жете танысты. Олардың бүгінгі ахуалын білді.



ЖЫЛ ЖАҒАЛЫҒЫ

Қант қызылшасын өсірудің тың жолын тапты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы Әділхан Мәуі елімізде қант қызылшасы егістігін ұлғайтып, өнімді арттырудың тың жолдарын ұсынды.



Ғалымның айтуынша, бүгінде Қазақстандағы қызылша егістігінің 95 пайызын Германия, Франция, Нидерланды сынды мемлекеттерден әкелінген сорттар құрайды. Ол сұрыптар ауруларға төзімді, түсімі мол және тұқым өңгіштігі жоғары.

– Ашығын айтқанда, елімізде шірік ауруына төзімді, өнім түсімі жоғары, ауру қоздырғыштары мен зиянкестерге қарсы дәріленген сапалы тұқым жок және ол өндірілмейді. Мәселен, Алматы облысының Ақсу, Сарқан аудандарында бірнеше мың гектар қызылша өсіруге тиімді жерлер бар. Сол аймақтарда қызылша өсіретін танаптарда шірік ауруының споралары аз және қант қызылшасының шірік ауруымен залалдануы төмен, аурудың таралу мөлшері 5-7 пайыздан аспайтын, кем дегенде 500 центнер, одан да мол өнім бере алатын 30-40 мың гектар жер бар.

Жамбыл облысында да 35-45 мың гектар топырақта тамыржемісі шіріктіретін қоздырғыштары өте төмен мөлшерде кездесетін танаптар бар. Егер біз тәтті түбір алқаптарының көлемін 100 мың, түсімін әр гектардан 500 центнерге жеткізсек, 500 мың тонна құмшекер өндіруге мүмкіндігіміз бар. Бұл дегеніміз – біз өзімізді қантпен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспортқа да шығара аламыз, – дейді Әділхан Мәуі.

Оның пайымдауынша, мол түсім алу үшін ескі қызылша егілетін танаптар топырағының құнарын қалпына келтіру керек. Сонымен қатар суармалы жерді тиімді пайдаланып, ауыспалы егіс жүйесін сақтауға басымдық берген абзал. Деграляцияға ұшыраған алқаптарды қайта айналдыруға келтіру үшін қызылша дақылдың шірік ауруларымен жоғары дәрежеде залалданған алқаптарында толық агротехникалық тәсілдерді сақтап, күз айларында деграляцияға ұшыраған танаптарда сүдігер жыртар алдында гектарына 40-60 тонна көң беру қажет. Бұл шаралар жылда жүргізілуі тиіс. Содан кейін жерді 25-30 сантиметр көлемінде жыртып, топырақ құнарлылығын арттырған жөн.

ЖЫЛ КОНЦЕРТІ

Аңызға айналған «Айгүл»

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамблінің 50 жылдығына арналған «Аңызға айналған «Айгүл» атты салтанатты кеш өтті.

Қазақ өнерінің қарашаңырағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында ұйымдастырылған мерейтойлық концертте ансамблдің бірнеше буыны қатар өнер көрсетіп, өнерсүйер қауымды жастық шағына саяхат шектірді.

Кеш шымылдығы «Аңызға айналған «Айгүл» атты театрландырылған бейне қойылыммен ашылды. Онда өнер ұжымының құрылу тарихы, даму кезеңдері мен шығармашылығы кеңінен баяндалған. Кеш барысында ансамблдің шоктығы биік әндері орындалып, өнерсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Олардың қатарында «Тек қана қыздар», «Гүлдерайым», «Қаракөзайым», «Су тасушы қыз», «Алматының алмасы», «Бәрінен де сен сұлу», «Қазақтың ару қыздары» сынды туындылар бар. Сондай-ақ концертте Қыздар университетінің студенттерінен құралған «Томирис» би ансамблі де өз өнерін ортаға салып, «Сән әлемі» орталығында дайындалған қазақ киім үлгілері көрермен назарына ұсынылды. Алматы аспанын әнге бөлеген кеш «Айгүлдің» жана құрамының орындауындағы «Жастар» әнімен аяқталды. Бірнеше буынның жастық шағын көз алдына әкелетін әйгілі «Айгүл» ансамблінің жартығасырлық мерейтойы осылай ел жадында қалды.



ЖЫЛ ҰСТАЗЫ

Университет оқытушылары үздік атанды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 7 оқытушысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды.



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған байқау қорытындысы бойынша филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бекзада Қожакеева, филология ғылымдарының кандидаты, профессор міндетін атқарушы Жанар Қынова, техника ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы Айтжамал Мусина,

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор міндетін атқарушы Күләш Мамырова, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы Әлия Исаева, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы Нәзира Сандыбаева және педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы Ақгүл Жұбандықова үздік деп танылды. Байқауға жоғары оқу орындарында штаттық қызметте, байқауға дейін 5 жылдық үздіксіз ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады. Сайыс барысында қатысушының соңғы 5 жыл ішінде жеткен жетістіктері, оның ішінде сапалық және сандық көрсеткіштері ескеріледі.

ЖЫЛ ЖОБАСЫ

Экологиялық жоба жүзеге асты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығына орай арнайы экологиялық жоба бастау алды.

«75 жылға – 75 ағаш» деп ат қойып айдар таққан шара Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өтті. Педагогикалық оқу орнының ұжымы мен студенттері және мектеп оқушылары қатысуымен арнайы бөлінген алаңға символдық тактайша орнатып, көшеттер отырғызды. Биология ғылымдарының докторы, профессор Келіс Жайлыбайдың айтуынша, бірегей жоба Алматы қаласының экологиялық ахуалын жақсартуға өз септігін тигізбек.

– Қазір оңтүстік астанадағы ауа бассейні ластану деңгейі жоғары аймақтарда арша, емен, үйеңкі, акация, бозарша және сирень ағаштарының көшеттері отырғызды. Бұл өскіндер университеттің Жаратылыстану факультетінің базасындағы арнайы зертханада ең арзан әдістеме арқылы өсіріліп, күтіп-бапталған, – дейді ғалым.

Бұған дейін Алматы қаласындағы Медеу шатқалында университеттің биолог ғалымдары мен студенттері 1000-нан астам ағаш отырғызған. Енді аталған шара шаһардың өзге де аймақтарында жүзеге асырылмақ. Бастама болашақта еліміздің аумағында күтілетін қуаңшылық, аптап ыстық пен табиғи апаттардың алдын алуға септеседі және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелейді. Осы орайда айта кетейік, «75 жылға – 75 ағаш» жобасы аясында жалпы саны 75 ағаш отырғызылды. Көшеттерді Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары күтіп-баптап тұрмақ.



ЖЫЛ БАЙҚАУЫ

Қыз Жібек – қазақ аруының символы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Қыз Жібек аруы» байқауы өтті. Ұлттық дәстүрді ұлықтаған сұлулар сайысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Жастар жылы қарсаңында арулар ордасында тұңғыш рет ұйымдастырылды.

Байқауда 7 бойжеткен баптары мен бақтары сыналды. Шара ұйымдастырушыларының айтуынша, сайысқа қатысуға оқу орнының 6 факультетінен барлығы 71 үміткер өтініш білдірген. Алдын-ала іріктеу бойынша жартылай финалға 15 қыз өтсе, ақтық кезеңге қатысуға 7 бойжеткен мүмкіндік алған.

Байқауға дайындық барысында бойжеткендер түрлі мәдени бағдарламаларға қатысып, сан агенттіктерінде өз шеберліктерін арттырған. Сондай-ақ қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі бағытындағы тың деректермен танысып, білімдері мен біліктілігін арттыруға арналған арнайы шараларға атсалысты. Сайыс өзін-өзі таныстыру, дарындар байқауы, танымдық деңгейін артыруға арналған бейне сұрақ, ұлттық киімді киіп, сахнада жүру, сахналық көрініс сияқты кезеңдер бойынша ұйымдастырылды. Жинаған ұлай қорытындысы бойынша Өнер және мәдениет факультетінің студенті Мөлдір Қазиева бас жүлдеге ие болды. Бірінші орынға Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің студенті Лаура Ысқақова лайық деп таныла, екінші орын Жаратылыстану факультетінің студенті Сымбат Абдуғаппар мен Педагогика және психология факультетінің студенті Аяжан Ақтұмбайдың қанжығасында кетті. Ал үшінші орын Жаратылыстану факультетінің студенті Әсем Қалмаханға бұйырды.



ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ

Халықаралық турнирде бағы жанды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1 курс студенті Алтынай Дәмен ауыр атлетика бойынша өткен Халықаралық турнирде бірінші орын алды.

Қырғызстанның Бішкек қаласында жалауын көтерген байрақты бәсекеге әлемнің 30-дан астам елінен 200-ге жуық спортшы қатысты. Дәстүрлі дода ауыр атлетикадан әлемнің 4 дүркін, Еуропа мен Кенес Одағының 2 дүркін чемпионы, Олимпиада жеңімпазы Қаныбек Осмоналиевтің 65 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Жарыс жолында Алтынай Дәмен 71 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Зілтемірші финалда жүлқа және серпе көтеруден 190 келіні бағындырып, қарсыластарын шаң қаптырды.

Екінші орынға 178 келі салмақ көрсеткішімен қазақстандық Аружан Қалбай табан тіресе, үшінші орынға 173 келі салмақ көрсеткішімен отандасмыз Гүлдана Елубай ие болды.

– Алтынай – халықаралық деңгейдегі жарыстарда мол тәжірибе жинап ысылған, шеберлігі шыңдалған спортшы. Бүгінгі күнге дейін спортшы көптеген бәсекелерде бабы мен бағы қатар шауып, жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Алтыннан алқа тағып, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағына ие болуы сөзіміздің нақты айғағы, – дейді бапкері, ауыр атлетикадан Қазақстан жастар құрама командасының аға жаттықтырушысы Михаил Хамитов.

Айта кетейік, Алтынай Дәмен 1997 жылғы 15 тамызда дүниеге келген. Зілтемірші бүгінде Қыздар университетінің Педагогика-психология факультетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алады.



ЖЫЛ СТУДЕНТІ

Үздіктердің үздігі



Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Жаратылыстану факультетінің 2 курс студенті Аида Молдағалиева «XXI ғасыр көшбасшысы» атты халықаралық үздік студенттер байқауының жеңімпазы атанып, «Жылдың үздік студенті» номинациясына ие болды.

Сонымен қатар талантты бойжеткен Жастар жылы аясында еліміздің студенттері мен магистранттары арасында ұйымдастырылған «Үздік студенттер академиясы» жобасына қатысып, академияның мүшесі атанды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жастар арасында кеңінен насихаттау мақсатындағы сайыс «Білім-өркеніеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйытқы болуымен өтті.

Аида Молдағалиева Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ аймақтық, республикалық, халықаралық ғылым және өнер байқауларында топ жарып, жүлделі орындарға ие болған. Атап айтқанда, ол Байқоңыр қаласында өткен «Ғылым әлемін ашамыз» атты ғарыштық зерттеулер жарысында ерекше жетістігі үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» грамотасымен марапатталды. 2016 жылы Орал қаласында ұйымдастырылған «Мектеп табалдырығынан ғылымға» атты облыстық байқауда «Ғарыштық технологиялар және телебайланыс» номинациясына ие болды. 2017 жылы елордада өткен «Жастар. Ғылым. Техника» ғылыми-техникалық шығармашылық зерттеу жұмыстарының республикалық байқауында екінші орын иегері атанса, жас астрономдар мен ғарыштық физика ғылыми жобалар конкурсында жүзден жүйрік шығып, бірінші орынға қол жеткізді.

ЖЫЛ ОҚУЛЫҒЫ

Ұлы даланы ұлықтайды



Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Ұлы дала тарихы» атты оқулық жарық жарық көрді.

«Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында шыққан ғылыми еңбек екі кітаптан тұрады. Оқу құралында Ұлы дала тарихының ежелгі дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі оқиғалары мен құбылыстары және рухани мәдениет аясындағы ұлттық құндылықтар мәселесі қамтылған.

– Жастарға төл тарихымыздың шынайы беттерін ашып беру үшін ұсынылып отырған бұл оқулықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, «Ұлы дала тарихы» Қыздар университетінің білім беру бағдарламасы бойынша 1 курс студенттеріне оқығылатын элективті пәнге арналған қазақ тілінде жарық көрген алғашқы оқу құралы. Ол типтік бағдарлама негізінде дайындалып, арнайы ғылыми әдістемелік сараптамадан өткізілген, – дейді кітап авторларының бірі, тарих ғылымдарының кандидаты Ердаулет Берлібаев.

Оқулықтың хронологиялық шеңбері Қазақстан тарихы бойынша қалыптасқан тарихи кезеңдермен анықталған. Дегенмен тарихи кезеңдердегі ұлттың өзіндік ерекшелігін айғақтайтын оқиғалар мен құбылыстарға баса көңіл аударылған. Сондай-ақ авторлар оқиғалар мен көріністерді қазіргі заманмен және шынайы қоғамдық өмірмен байланыстыруды басты назарға алыпты. Өскелең ұрпақтың тарихи санасын, отаншылдық сезімін қалыптастырудың және мемлекеттік саясатты қолдаудың өзіндік идеологиясы мен идеясы да қамтылған.

ТАҒЗЫМ



Жалпы, Тұрар Рысқұловтың Қазақстанда атқарған жұмыстары деген сұраққа толық жауап беру тек бір ғана тарихшының қолынан келмес еді. Өйткені, Т. Рысқұловтың бүкіл саналы ғұмыры мен қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі қазақ халқының болашағы жолына бағытталды. Оның тағдыры – қазақ халқының тарихымен еншілес. Сондықтан, Т. Рысқұловтың сан-салалы қызметі мен қажырлы қайтпас күресі, ұлтқа сіңген еңбегі көптеген тарихшылардың зерттеу еңбегіне жүк болып келеді. Біз осы мақаламызда тек қана Т. Рысқұловтың Қазақстанда өте қысқа мерзімде жұмыс істеген кезеңіндегі қызметіне ғана тоқталуды жөн көрдік.

құш салды. Сонымен қатар республикалық баспасөзге жұмсалатын қаржыны көбейтуге, губерниялық баспасөз бөлімдерінің жұмысын жетілдіруге баса назар аударды. Біз Т. Рысқұловтың аз уақытта Қазақстанда атқарған жұмыстарын кеңірек көрсету үшін нақтылы деректермен бере кетуді жөн санап отырмыз.

Мысалы, Т. Рысқұлов 1926 жылғы 21 сәуір күні өткен Қазөлкомы хатшылығының мәжілісіне қатысады. Рысқұловтың мәжілістегі рөлі мен ықпалы, оның энергиясы хатшылықтың хаттамасынан-ақ айқын сезіліп тұр. Осы мәжілісте Т. Рысқұлов қаржының жетіспеушілігі салдарынан шығуы тоқтап калуы аз-ақ алдында тұрған «Қызыл Қазақстан» журналына қаржы іздестіру туралы мәселені көтере отырып, журналды шығаруды тоқтатпау және оған бөлінген 3000 сом субсидияны жеткіліксіз деп есептей отырып, керекті қаржыны тез арада табуы Қазақ ХКК комфракциясына жүктеу, журналдың редакциясына журналды тарату мен насихаттау бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұсыну, 5 мамыр күні өтетін «Баспасөз күні» мерекесіне орай Қазақстанның партиялық ұйымдарына журналдың беделін көтеру мен оны тарату мәселесіне көңіл аударуды сұрау жөнінде шешімдердің қабылдануына ұйытқы болды.

байланыстарға жағымды дәнекер болатынын атап көрсетті.

Т. Рысқұловтың РКФСР ХКК төрағасы қызметіне бекітілуі туралы мәселе Орталықта қаралып жатқан тұста, ол өзінің қарымды қызметін жалғастырып жатқан болатын. Ол 1926 жылғы 26 сәуір күні өткен Қазөлком хатшылығының мәжілісінде «комсомол баспасөзі туралы» айта келіп, комсомол газетінің қайта шығарылуы қажеттігін, комсомол газетіне қатысты Қазөлком шешімінің қайта қаралуы туралы мәселені Бюро мәжілісіне қою керектігін, Қазөлкомның баспасөз бөлімі мен БЛКЖО Қазөлкомына бірлесі отырып бюроның келесі мәжілісінде шығатын газеттің сипаты мен оған керекті қаржы туралы мәселені баяндау тапсырылды. Т. Рысқұловтың осы еңбегінің нәтижесінде 1924 жылдың 8 ақпанынан бері «Еңбекші қазақ» газетінің 4-бетінде қосымша ретінде «Лениншіл жас» атауымен, 1925 жылғы 3 ақпаннан (С. Сәдуақасовтың редактор болуынан кейін – С.Ш.) бері «Жас қайрат» атауымен қосымша ретінде шығып келген комсомол газетін жеке шығару мәселесі орынды шешім тауып, 1927 жылдың басынан бастап «Лениншіл жас» газеті қайта шыға бастады.

Сондай-ақ Т. Рысқұлов хатшылықтың осы мәжілісінде «Семей мембаспасы туралы» хабарлама жасап, Семей мембаспасының мүмкіндіктерін республика үшін пайдалану жөнінде шешім шығарып, Семей мембаспасының жұмысы мен Қазембаспасының жұмысын ұштастыруды және оның орындалуы мен жүзеге асуын бақылауды өзі басқаратын бөлімнің қарамағына алуды ұсынды. Ұсыныс толық қабылданып, Семей мембаспасы республикалық маңызы бар баспаға айналды.

Мәжілісте қаралған келесі бір мәселе – «Қазақстандағы шаруалар көтерілісінің 10 жылдығын өткізу туралы» мәселе болды. Бұл мәселе бойынша да оң шешім қабылданып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығын атап өтудің жоспарын жасау үшін Ж. Мыңбаев, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, О. Жандосов, Брудный, Рязанов және Хангеревтерден тұратын комиссия құрылды. Осы комиссия жұмысының нәтижесінде 1916 жылғы көтеріліске алғаш рет орынды тарихи баға берілгені белгілі.

Т. Рысқұлов Қазақстанға келгеннен кейін көп ұзамай, 1926 жылдың 30 сәуірі – 3 мамыры аралығында өткен 5-сайланған Қазөлкомның II пленумында жергілікті кеңестердегі байлардың ықпалына соққы беру қажеттігін көрсетті. Байлар рулық және туысқандық қатынастарға сүйенгендіктен емес, қолына биліктің экономикалық тұтқасын ұстағандықтан да кеңестерде жеңіске жетеді деді Т. Рысқұлов. Ал өз кезегінде осы жағдай қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі деді. Сондықтан да байларға салынатын салық көлемін өсіріп, қазақ шаруалары мен жұмысшылар одағының нығаюына жәрдемдесу керек деген пікір білдірді.

ТҮТЕЛ ТҮРКІНІ ТҮТЕНДЕГЕН ТҰЛҒА

9 ай Коминтерннің өкілетті өкілі ретінде Монғолияда жұмыс істеген Т. Рысқұлов 1925 жылғы шілде айының басында Мәскеуге қайтып келген соң өзінің Монғолиядағы қызметіне есеп береді. Оған дейін-ақ, 1925 жылғы 10 шілдеде өткен МХРП ОК-нің мәжілісінде Т. Рысқұловтың Монғолиядағы қызметін тұтастай мақұлдап, оған оң баға берген болатын. Көп ұзамай, КСРО Сыртқы істер халкомы Г. Чичерин де осындай баға берді және Т. Рысқұловқа барынша қолдау көрсету қажет деген пікір білдірді. Осыдан соң, БК(б)П ОК-і Рысқұловтың Монғолиядағы қызметіне жоғары баға бере отырып, әбден ысылған партия және шаруашылық қайраткерін одан ары жұмысқа пайдалану мәселесін ойластыра бастады. Т. Рысқұлов бұл кезде Түркістанда үкімет басшысы болған қызметі арқылы-ақ өзін шебер шаруашылық қожайын, ТК(б)П Мұсылман бюросындағы жұмысы арқылы дарынды партиялық ұйымдастырушы ретінде мойындатқан, Монғолиядағы қызметі арқылы халықаралық дәрежедегі сұңғыла саясаткер, шебер мәмілегер екенін көрсеткен тұлға болғандықтан да оған қай саладан болса да қызмет ұсынуға болатын еді.

БК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы Т. Рысқұловты партиялық жұмысқа пайдалану орынды болады деген тұжырым жасайды. Бірақ, сол кезеңде БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті аса қиын жағдайда жұмыс істеп жатқан еді. 1925 жылдың қыркүйек айында Қазөлкомның бірінші хатшысы қызметіне кіріскен Филипп Голощекин Қазақстанда асқынған тұрған қазақ топшылдығымен күрес бастады. Өрине бұл күрес өте тәжірибелі саясаткер, көнегі басқарушы Ф. Голощекин үшін де оңайға соқпады. Бұл күрестің аса ауыр әрі ұзаққа созылатынын БК(б)П ОК-і де, Ф. Голощекин де анық түсінді. 1925 жылғы желтоқсан айында өткен V Бүкілқазақстандық партия конференциясы мұны анық көрсетіп берді. Оның үстіне, бұл кезеңде республика шаруашылығы да 1913 жылғы деңгейге көптеген салалар бойынша жете алмай, ақсап жатқан болатын. Сондықтан, БК(б)П ОК-і Т.Рысқұловты Қазақ өлкелік партия комитетіне қызметке жіберуді ойластыра бастады. Көп уақыт Қазақстанда болмаған Т.Рысқұлов та осыған қарсы емес еді.

Т. Рысқұловтың Қазақстандағы топшылдыққа ешқандай қатысы жоқ. Ол біріншіден, Қазақ АКСР-інде бұған дейін қызмет атқарған жоқ. Екіншіден, Түркістан АКСР-індегі оның тобы – Орталықтың эмиссарлық органы Түріккомиссияға қарсы жергілікті түрік халықтарының мүддесін қарсы қоя білген Мұсбюро болатын. Түріккомиссияның Т.Рысқұлов тобын талқандауы – Түрік Кеңес Республикасы мен Түрік халықтарының Компартиясын құру туралы идеяға берілген соққы болатын. Сондықтан, Т.Рысқұловты топшылдықпен айыптау ешбір қисынға келе қоймайды.

Бірақ, Қазақ АКСР-індегі асқынған топшылдық одан әлдеқайда жоғары тұрған түрікшіл тұлға Т. Рысқұловқа да салқынын тигізбей қоймады. Ол 1926 жылы Қазақстанға қызметке келген кезде осы мәселемен бетпе-бет кездесті.

Т. Рысқұловты Қазақстанға жұмысқа жібермес бұрын БК(б)П ОК-і Ф. Голощекиннің және Қазөлком бюросының өзге де мүшелерінің көңіл-күй ауанын байқау мақсатымен Т. Рысқұловты Қазақстанға жұмысқа жіберсек қалай қарайсыңдар деген мазмұнда жеделхат жолдады. Өйткені, БК(б)П ОК-нің Ұйымдастыру бюросы 1919 жылы Түріккомиссияның мүшесі болған Ф. Голощекин мен Т. Рысқұлов арасының жақсы емес екенін өте жақсы білетін. Оның үстіне, оған дейін өте жоғарғы деңгейдегі партиялық және мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарып, халықтың құрметіне бөленген Т. Рысқұловтың қатардағы қызметке келмейтіні әу бастан-ақ белгілі. Яғни, бұл дегеніңіз, біреудің жылы орнынан жылжуы деген сөз. Бір қызығы, 1926 жылы 10 ақпанда өткен БК(б)П Қазөлкомы бюросының Ф. Голощекин, И. Киселев, О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Ж. Мыңбаев, А. Сергазиев, С. Сәдуақасов, О. Исаев, М. Тәтімов, И. Игеновтардың қатысуымен өткен мәжілісінде «Жолдас Рысқұловты Қазақстанда жұмысқа пайдалану туралы ОК-тің жеделхаты» қаралып, «жолдас Рысқұловтың жұмыс істеуі үшін Қазақстанға келуіне қарсылық жоқ» деген қаулы қабылданды. Осы жерде, барлық жағынан тығырыққа тіреліп, одан шығар жол іздеп отырған Ф. Голощекиннің бұдан басқа амалы жоқ болған шығар деген ойдамыз. Себебі Т. Рысқұловтың керемет ұйымдастырушылық дарыны Қазақ АКСР-і үшін ауадай қажет болатын.

Қазақ өлкелік партия комитетінің ресми келісімін алған БК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы 1926 ж. 3 наурызда БК(б)П ОК Хатшылығының келісімімен Т. Рысқұловты БК(б)П Қазөлкомының қарауына жіберу туралы шешім шығарды.

Біздің қолымызға Т. Рысқұловтың Қазақстанға дәл қай күні келгенін айғақтайтын құжат әзірге түсе қойған жоқ. Тек белгілісі – 1926 жылғы 10 сәуірде өткен Қазөлкомы бюросының мәжілісі оның қатысуынсыз-ақ «жолдас Рысқұловтың жұмысы туралы» мәселені қарап, оны БК(б)П Қазөлкомының Баспасөз бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындады. Ал 19 сәуір күні өткен аталмыш бюро мәжілісі Т. Рысқұловтың қатысуымен өтеді. Осы мәжілісте Ф. Голощекин «Еңбекші қазақ» газетінің редакциялық алқасы туралы» хабарлама жасап, ол бойынша «Рысқұлов, Сәдуақасов және Жандосов жолдастар «Еңбекші қазақ» редакциялық алқасына мүше болсын, Т. Рысқұлов газеттің жауапты редакторы болып тағайындалсын» деген шешім қабылданды. Яғни, Т. Рысқұлов Қазақстанға осы екі аралықта келсе керек.

Тұрар Рысқұлов Қазақстанға келе салысымен-ақ әдеттегіше жұмысқа қызу кірісіп кетеді. Ол кезде Қазақстанда 29 мерзімді басылым шығып тұратын еді. Оның 16-сы орыс тілінде болса, 12-сі қазақ тілінде, 1-уі ұйғыр тілінде шығатын. Рысқұлов өлкелік баспасөз бөлімінің меңгерушісі ретінде ауыл кеңестерінің жұмысын жандандыру бағытында орасан жұмыс атқарды. Үнемі қазақ ауылдарындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге, қазақ кедейлерінің кеңестердегі рөлін арттыруға баспасөзді жұмылдыруға

Сонымен қатар Рысқұлов Сырдария губкомының Сырдария облысының «Ақжол» және «Смычка» газеттерін өлкелік «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен біріктіру туралы 1926 ж. 27 наурыздағы қаулысы туралы айта келіп, губкомның шешімін мақұлдау және осы шешімді аяғына дейін жеткізу үшін Ә. Байділдинді Шымкент қаласына іссапарға жіберу жөнінде шешім қабылдады.

Көріп отырғанымыздай, Т. Рысқұловтың бір күндік жұмысының нәтижесінің өзі осыншалықты ауқымды. Бірақ, Рысқұловтың басы үнемі кеңестің нұқта мен партиялық жүгенге сия бермейтін. Сондықтан да Голощекин одан үнемі тартынып, аяғын аңдап басатын. Ф. Голощекин БК(б)П ОК-нің ресми өкілі әрі Қазөлкомының бірінші хатшысы ретінде Орталықпен ым-жымы бір болғанымен, көп жағдайда Рысқұловтың беделі, қайраткерлік қарымы мен тұлғалық мысы Ф. Голощекиннен басым түсетін. Сондықтан да, Т. Рысқұловтың Қазақстанда одан ары жұмыс істей беруді деген сөз – Ф. Голощекиннің көп ұзамай қызметтен кетуі болып шығар еді. Ал Т. Рысқұловтың Орталық үшін тиімсіз тұстары көп болатын. Өйткені, қазақ қайраткерлерін бір-біріне бөліп соғу тәсілімен Орталықтың отарлық қымысқы саясатын жүзеге асыратын әккі Ф. Голощекин кеткен жағдайда, Т. Рысқұлов қазақ қайраткерлерін тұтас бір арнаға біріктіріп, орталық пен ұлт аймағы арасындағы қарым-қатынаста республика мүддесін қарсы қорғауы сөзсіз еді. Бұл жағдай, кейіннен, 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанына байланысты Т. Рысқұлов позициясынан анық көрінді. Осы жағынан келгенде, Рысқұловты басқа жұмысқа ауыстыру Орталық үшін де Ф. Голощекин үшін де тиімді болатын. Екіншіден, Т. Рысқұловтың РКФСР-дің орталық мемлекеттік басқару органында қызмет атқаруы Қазақстан үшін де, өзі үшін де тиімді боларын Ф. Голощекин де анық бағамдаса керек. Осылайша, Қазақстанға келгеніне екі апта уақыт өтер-өтпес Рысқұловтың басқа жұмысқа ауысуы туралы мәселе көтеріле бастады.

1926 жылғы 25 сәуір күні Қазақ, Татар және Башқұр автономиялық республикалары қызметкерлерінің (Н. Нұрмақов – ҚАКСР ХКК төрағасы, Ж. Мыңбаев – ҚАКСР ОАК төрағасы, Ахсан Мұхаметқұлов – БАКСР ХКК төрағасы, Хафиз Кушаев – БАКСР ОАК төрағасы, Шайғардан Шаймарданов – ТАКСР ОАК төрағасы) қатысуымен өткен кеңесте «РКФСР орталық мекемелерінің жауапты орындарына ұлт қызметкерлерін ұсыну туралы» мәселе қаралып, Т.Рысқұлов – РКФСР Халкомкөнесі төрағасының орынбасары қызметіне, Санталиев – РКФСР Кіші Халкомкөнесі төрағасының орынбасары қызметіне, Бишшев – РКФСР Қаржы халкомының орынбасары қызметіне ұсынылды. Ж. Мыңбаев осы кеңес шешімін бекітуді сұрап БК(б)П ОК-нің бас хатшысы И. Сталиннің, хатшысы В. Молотовтың, Орталық Бақылау комиссиясының төрағасы В. Куйбышевтың атына жазған хатында олардың тағайындалуын сұрай отырып, бұл шараның Орталық пен шет ұлт аймақтарының арасындағы шаруашылық және саяси

1926 жылғы 5 мамырда Қызылорда қаласындағы Іскерлер клубында Баспасөз күні мерекесіне арналған салтанатты жиын өтеді. Осы жиында баяндама жасаған Т. Рысқұлов қайта құру жағдайындағы Қазақстанның даму барысына тигізетін баспасөздің рөлі мен маңызын ғана айтып қоймай, ол республикалық баспасөздің алдына нақтылы міндеттер қоя білді. 1926 жылғы 13 мамыр күні өткен Қазөлкомы бюросының мәжілісінде қабылданған «Қазақ баспасөзін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың» (Қазөлком Баспасөз бөлімінің жоспары – С.Ш.) осы баяндама тезистері негізінде қабылданғаны айдан-анық «Реализовать права Отдела Печати Крайкома, как самостоятельного Отдела» деп басталатын аталмыш құжаттан Т. Рысқұловтың нұқтаға басы сыймайтын қолтаңбасы мен «төртінші билік – төрге шық!» деген ұран мүлтіксіз көрініп тұрғандай әсер қалдырады. Бюро мәжілісі Т. Рысқұлов басқаратын бөлімнің жұмыс жоспарын бекітіп қана қоймай, баспасөзге бөлінетін жаңа қаржы көздерін іздестіру мен тарту бойынша да Рысқұлов ұсынған шараларды бекітті.

1926 жылғы 19 мамыр күні өткен Қазөлкомы хатшылығының мәжілісіне қатысқан Т. Рысқұлов «Еңбекші қазақ» газетінің жазылу ақысын 8 миллион сомға дейін көбейту туралы шешімнің шығуына ықпал жасады. Мұның барлығы оның беделі мен іскерлігін көрсететін еді.

Көп ұзамай, БК(б)П Қазөлкомына БК(б)П ОК хатшысы В. Молотовтан 1926 жылғы 31 мамырдағы БОАК Төралқасының қаулысымен Т. Рысқұловтың РКФСР Халкомкөнесі төрағасының орынбасары болып бекітілгені туралы хабарлама келіп жетті. «Еңбекші қазақ» газеті бұл жөнінде 8 маусым күнгі санында ресми хабар берді. Ал 14 маусым күні өткен БК(б)П Қазөлкомы хатшылығының мәжілісінде, Т. Рысқұлов 5 мәселе бойынша хабарлама жасап, өз ұсыныстарын толық өткізіп кетті. Олар: «Қазақ тілінде өлкелік шаруалардың жаңа газетін шығару шешілді», «Өлкелік шаруалар газетінің редакторы болып Ж. Мыңбаевты, орынбасары етіп Ә. Байділдинді бекітті», «БК(б)П Қазөлкомы Баспасөз бөлімін басқару уақытына Ә. Байділдин мен А. Шверге жүктелді», «Еңбекші қазақ» газетінің уақытша редакторы болып О. Жандосов бекітілді» және «Қазақ тілінде ғылыми терминологияны тексеріп, оны Қазөлкомға баяндау Баспасөз бөліміне тапсырылды».

Осыдан кейін Т. Рысқұлов 14 маусым күні өткен Қазөлкомы хатшылығының және 16 маусым күні өткен Қазөлкомы бюросының мәжілістеріне қатысады. 16 маусымдағы бюро мәжілісі Тұрар Рысқұловтың жаңа қызметке тағайындалуына орай, оны Орталыққа жіберу туралы шешім шығарды. Осылайша, Рысқұловтың Қазақстандағы қызметі небәрі 2 айға ғана созылды. Осы қысқа ғана уақыттың ішінде Тұрар Рысқұлов Қазақстан тарихына өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырды.

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
тарих ғылымының кандидаты



ҚЫСҚА-НҮСҚА: «Жаһандық азаматтық: менің жеке көзқарасым» тақырыбындағы эссе байқауы мәреге жетті.

PARASAT

Ғалымға құрмет көрсетілді

Көрнекті ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Қалиев 90 жасқа толды. Ардагер-ұстаздың мерейтойына орай Қыздар университетінде «Заманауи этнопедагогика: тенденциялары мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Жібек БЕКНҮР, «Qyzdar Universiteti»



ен қасиетті тұстарына баулып келеді, — деді Гаухар Алдамбергенова өз сөзінде.

Сондай-ақ ол ғалымның ұзақ жылғы қызметіне білім ордасының ұжымының атынан ризашылығын білдіріп, сый-сияпат көрсетті.

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Балықбаевтың мерейтой ересіне жолдаған құттықтауын оқу орнының бірінші проректоры Мақтағали Бектемісов оқып берді.

Жиын барысында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Зарлхан Алымбаева, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Сақыпжамал Ұзақбаева, ЕДТЕСН-KZ халықаралық білім орталығының бас директоры Фани Бейсенбаев, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Аскарбек Құсайынов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Сауле Иманбаева және тағы да басқа азаматтар сөз сөйлеп, ғалымның ғылым жолындағы еселі еңбегі төңірегінде сөз қозғалды.

Серғазы Қалиев еліміз егемендік алған кезде отандық білім беру жүйесін қалыптастыруға, жаңа білім беру мазмұнын жасауға көп үлес қосты. Оның тікелей араласуымен мектептерде оқытылатын пәндердің жаңа бағдарламалары, 6 жастағы балаларды мектепке даярлауға арналған оқу құралдар кешені жасалды. Біз халқың сүйген, ел келешегін ойлаған, жастарға мол тәлім-тәрбие беріп жүрген дана ғалымды өскелең ұрпаққа үлгі тұтамыз, — десті жиында сөз алғандар.

суды Қыздар университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова құттықтау сөзбен ашып, ғалымның ғылым жолындағы қызметіне тоқталып өтті.

Профессор Серғазы Қалиевтің тәрбиесін халықтық және ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектері заманауи этнопедагогиканың дамуында ерекше орын алатыны сөзсіз. Оның парасат мектебіне айналған Қыздар университетінің ғылыми әлеуетінің дамуына, отандық этнопедагогика ғылымы саласының өркендеуіне қосқан үлесі мол. Профессордың ғылыми-педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері жарияланған «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» атты 12 томдық еңбегі жоғары оқу орындарында мағиалы дереккөз ретінде халқымыздың құнды байлығын, тарихи мұраларын, мәдениет пен әдебиетінің үздік жетістіктерін оқып-үйренуге бағыт-бағдар берді. Серғазы Қалиевтің ғылыми мұралары жастарды ұлттық тәлім тарихы мен ұлттық сезіміні

Оқу орнының ұжымы мен студенттері қатысқан жиын барысында сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академияның бірінші вице-президенті, академик Надир Надиров, Тұран университетінің ректоры Рахман Алшанов, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Шәріпбек Әмірбеков, Қыздар университетінің Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры Клара Мыңжасарова, ардагер ұстаз Алма Тәжімұратова, ғалымның шәкірттері Алмағұл Задаева мен Бейбітқұл Каримова сөз сөйлеп, ізгі ниетін жеткізді.

Айта кетейік, Валентина Жұмағұлованың есімі бірқатар бағдарламалар мен іргелі жеке қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларының авторы ретінде танымал. Бұл тарапта оның 10-ға жуық зерттеу еңбегі жарық көрген.

Терең білім, кәсібилік ғалым-педагог Валентина Жұмағұлованың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметінің негізіне айналды. Осы жылдар аралығында ғалым өз күш-қуаты мен қайратын еліміздің ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауға жұмсап келеді. Оның жетекшілігімен өзекті тақырыптарды қамтыған докторлық, кандидаттық және магистрлік жұмыстар сәтті қорғалды. Қазір шәкірттері еліміздің түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарында табанды еңбек етуде, — дейді ғалымның әріптестері.

QURMET

Академик атындағы дәрісхана ашылды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде академик Валентина Жұмағұлова атындағы дәрісхана ашылды.

Альрамина НҮРӘЛІ, «Qyzdar Universiteti»

Көрнекті лингвист ғалымның 65 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған шараға жоғары оқу орындарының басшылары, оның әріптестері мен шәкірттері және білім ордасының ұжымы қатысты.

Валентина Жұмағұлова — Халықаралық жоғары мектеп ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол отандық білікті кадрлар мектебінің негізін қалануына және саланың дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан ғалымның бірі. В. Жұмағұлова алғаш рет қазақ баспасөзіндегі сықақ жанрының тілдік ерекшеліктерін, газет айдарларының стилистикалық қызметтерін және Қазақстанның орыстiлді баспасөзіндегі сықақ пен мысал» атты докторлық диссертациясында жинақталып, көзiкарақты көпшіліктің назарына ұсынылды. Бұл жұмыс бұқаралық коммуникация тілі дамуының жалпы және жеке үрдісін жүйелі лингвистикалық қабылдау жолындағы маңызды кадам болды.

TAĞYLYMDAMA

Білім мен ғылымның жаңа көкжиегі

Әрбір елдің экономикалық даму қарқыны ең бірінші білім саласының жоғары деңгейде болуына тікелей байланысты. Бүгінде көшбасшы мемлекеттер бірегей сапалы білім беру жүйесіне ие. Білім беру жүйесінің бірізділігі мен оқытудың тиімділігі арнайы бағдарламалар мен білім беру мазмұнын жанарту арқылы жүзеге асырылады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға қойылатын үлкен жауапкершілікті талап етеді.



World University Rankings нәтижелері бойынша TOP-500-ге енетін шетелдік жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында және зертханаларда тағлымдамадан өтеді. Сондай-ақ тәрбие жұмысында білім алушыларды адамагершілік-отансүйіштік және дене тәрбиесі турғысынан қамтамасыз ететін кешенді іс-шараларды іске асырады. Бағамдап отырсаңыз, бұл педагог-ғалымдарға берілген үлкен мүмкіндік деп атауға болады. Биылғы жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болдым. Конкурс жеңімпазы ретінде оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстарын жүзеге асырып, жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша бірқатар ғылыми еңбектерім жарық көрді. Сондай-ақ Баку қаласында өткен дәстүрлі VI Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумына қатысып, шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалыстым. Emerging Sources Citation Index базасында, Scopus (Elsevir) базасында индекстелетін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «ҚР ҰҒА хабарлары. Физика-математика сериясында» және ғылыми журналдарда мақалаларымыз жарияланды.

Осы гранттық жоспарды орындау барысында Ресейдегі ең үздік оқу орны ретінде танылған Томск мемлекеттік университетінде ғылыми-зерттеу тағлымдамасынан өттім. Тағлымдама барысында университеттің Физика факультетіндегі білім беру бағдарламаларының орындалуы, зертханаларының жабдықталуымен таныстым. Сонымен қатар 4 милли

онға жуық ресурстары бар ғылыми-техникалық кітапхананың бай қорымен танысуға мүмкіндік алдым.

Бүгінде оқу орнында 130 бағыт пен мамандық бойынша 15 мың студент, 800 аспирант пен докторант білім алады. Университеттегі 20 факультет пен оқу институтында 500 ғылым докторы мен 1 000 ғылым кандидаты қызмет атқарады. 22 диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Томск қаласындағы сапар барысында Томск политехникалық университетінде де болдым. QS World University Rankings рейтингінің 277 сатысында орналасқан бұл оқу орны өзінің білім, ғылым, өндіріспен байланысы арқасында әлемдік деңгейге көтерілген ең озық білім ордасы екенін атап өткен абзал. ТПУ-дың Физика факультетінің материалдық-техникалық базасының жабдықталуы аса жоғары деңгейде. Факультетте 3D форматты сканерлер, макеттер мен модельдер зертханалары, реактор моделі, лазерлік құрылғылар және басқа да көрнекті зертханалары бар. Томск қаласын ел арасында «академиялық шаһар» деп атайды. Себебі аталған қос іргелі жоғары оқу орны Ресейдегі білім, ғылым және өндіріс салаларының өркендеуіне елеулі үлес қосып келеді.

Сөз соңында ерекше атап өтерлік жайт, «Бір қызды тәрбиелеу — бір ұлтты тәрбиелеумен бірдей» деп Елбасы сенім білдірген оқу орны ұжымының алдында да нақты міндеттер баршылық. Университет ректоры Гаухар Алдамбергенованың басшылығымен тағлымды тәрбие мен өрісті білімнің іргелі ордасы ретінде танылған қазақ қыздарының қарашаңырағы «Мәңгілік ел» жалпұлттық идеясын бғы бағдар ретінде ұстанып, болашақ ұстаздардың бойында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дарытып келеді.

Университетіміз шетелдік және ұлттық рейтингтерде алдыңғы қатарлы орындарда. Оқу орны ғылыми әлеуетті дамытуға, материалдық базаны көтеруге, тұлғаларымыз деген жұмыс берушілердің сұранысын және білім беру бағдарламаларының озықтығын арттыруға да көп күш салып келеді. Демек, болашақтағы Қыздар университеті дамудың жаңа сатысына көтеріліп, әлемнің жетекші оқу орныларымен иык тіресе алау дәрежеге шығады деп сенемін.

Нәзира СӘНДІБАЕВА, Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры міндетін атқарушы, педагогика ғылымдарының кандидаты

TAĞYLYMDAMA

БІЛІКТІЛІКТІ КӨТЕРУ — БАСТЫ БАҒДАР

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру мен халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл білім беру жүйесін одан әрі дамытуға жаңа тұрпатты ұстаздың шығармашыл ізденісте білімді және кәсіби білікті болуын міндеттейді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім мен ғылым қызметінде білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыруға, жеке тұлғаның еңбегін мемлекеттік қолдау және ынталандыруды күшейтуге, білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге сай келетін білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуіне бағытталған.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру — сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін қандаян және бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін, дағдысын мен қызыретін дамытуға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны. Ал, біліктілік дегеніміз — бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік болып табылады. Сонымен қатар біліктілік — тиісті кәсіби қызмет шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажет кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы. Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты — маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім қасырындағы білім берудің жаңа жүйесі «неңі оқыту?», «қандай жүйеде оқыту?», «қалай оқыту?» сынды сауалдарды қарастырады және осы мәселелерді шешуге бағытталады. Бүгінгі ұстаздың алдындағы міндет — ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте, кәсіби білікті болуы тиіс. Осы орайда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілік сапасын арттыруды қамтамасыз етуге үлкен мән берілуде. Оқу орны жанындағы Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының ұйымдастыруымен «Жоғары оқу орнында жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өтті.

72 сағаттық біліктілікті арттыру курсы педагогика ғылымдарының кандидаты, Кембридж университетінің Халықаралық емтихан кеңесінің сертификатын алған тренер, педагог-ғалым Роза Набуова мен педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығынан біліктілігін арттыру курсы тәмамдаған әдіскер-ғалым Ақгүл Жұбандықова жүргізді. Шара барысында педагогтарға 7 модуль бойынша дәріс-тренинг өткізілді. Атап айтқанда, модульдер қатарында «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Диалогтық оқыту», «Сыни тұрғысынан ойлауға үйрету», «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану (Kahoot бағдарламасы)», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Талантты және дарынды балаларды оқыту», «Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу модулінің идеясы», «Оқытуды басқару және көшбасшылық атты тақырыптар бойынша дәріс-тренингтермен «Студенттердің тұлғалық болмыстық ерекшелігіне сәйкес сабақ ұйымдастыру», «Студенттің өзіндік жұмысының әдістемелік нұсқауын құрастыру», «Студенттердің бірлескен жұмыстарын әдістемелік нұсқауын құрастыру», «ЖОО-ның профессор-оқытушыларының КРІ көрсеткіші жетістікке жетудің стратегиясы» сынды тақырыптар қамтылған. Тренинг барысында аталған тақырыптар бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Сонымен қатар оның аясында «Ең үздік силлабусы айқындау» идеялар аукционы мен «Ең үздік презентация» байқауы ұйымдастырылып, қатысушылар оқу үдерісін ұйымдастырудың белсенді нысандары мен әдістерін пайдалануды талқылап, педагогикалық тәжірибе алмасты.

72 сағаттық біліктілікті арттыру курсы аясында психология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы бөке бойынша олимпиадалық даярлау орталығы спорттық қауымдастығының психологы Ділде Сақтағанова психологиядағы тұлға теориялары, сана мәселесі, жеке тұлғаны типологиялық зерттеу, психодиагностика, студенттердің жоғары оқу орнына адаптациясы сынды өзекті тақырыптар төңірегінде танымдық белсенділікті дамыту құралы ретінде психологиялық тренинг өткізді. Біліктілікті арттыру курстары арқылы мұғалімдерді оқытуда оқытушы жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқаруы керек. Оқытушының осындай әрекетіне білім алушы мұғалімнің өзі де бойындағы бар білімін көрсете байланыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге жетуге болады. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілік жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін жетілдіріп отыруды талап етеді.

«Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәрине жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бағал, ержүрек болуы керек» деп, шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби ұстаз болмысын нақты айқындаған екен. Олай болса, жауапкершілігі шексіз, кәдірлі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие беруді алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі — білімді де білікті ұстаз.

Айгүл САТБЕКОВА, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Гүлнәзия ТҮГЕЛБАЕВА, химия ғылымдарының кандидаты, доцент



Әлем чемпионатында топ жарды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Педагогика және психология факультетінің І курсе студенті Перизат Жанұзақ самбо күресінде жастар және жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қола медальға ие болды.

Аққидар НҮРБЕК,
«Qyzdar Universiteti»

Ташкент қаласында өткен байрақты бәсекеге 40-тан астам елден 500-ге жуық спортшы қатысты. Жарыс жолына 65 келі салмақ дәрежесінде шыққан Перизат Жанұзақ Ресей, Өзбекстан және Францияның балуандарымен күш сынасты.

Тартысты өткен долада ресейлік Ксения Самарина қарсылас шақ келтірмей, алтын медальға ие болды. Күміс медальді Өзбекстан атынан сыңға түскен Жахона Есенова олжаласа, қола медаль француз кызы Мария Лаурент пен отандасымыз Перизат Жанұзаққа бұйырды.

Әлем чемпионатындағы қыздар арасындағы жарыс бойынша еліміз турнир кестесінің бесінші сатысына жайғасты.

Айта кетейік, Қыздар университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқитын бойжеткен самбо күресінен спорт шебері. П. Жанұзақты жарысқа Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасының спорт шебері Нұрлан Усанов дайындады.

SÁN ÁLEMI



Сұлулық сыр

Жаңажылдық түн – қыз-келіншектер өз бойындағы бар сұлулықты паш етуге себеп болар мереке. Мерекеде қалайша боянып-сыланбасқа?! Сондықтан, бикештерге макияж жасауда батыл қадамдарға баруға тура келеді.

Ең маңызды! Косметиканың трендтегі бояу болуы маңызды емес. Бірінші кезекте – оның тұрақтылығы мен сапасы. Сонда ғана түні бойы жайынаған жүзден нұр таймайды. Құрылымы мығым көз бояуын, суға төзімді сүрме мен далап таңдаған жөн. Ондай өнімдерді қайдан табуға болады? Ол туралы мақала барысында толық жазамыз.

Тазалық керек. Кез келген макияждың негізі – тыныққан, таза және сау тері. Тональді кремді жақпай тұрып, айраннан маска жасаған абзал. Ұлдайды тері мен нарғтай қызыл бетке ыстық және салқын суды алмастырып жуу арқылы қол жеткізуге болады.

Сәйкесін таңдаңыз! Тональді кремді бет түсіне қарай таңдау керектігі аян. Көзге оғаш көрінетін кемшіліктер болмаса, жеңіл опна жаққан дұрыс. Жылды қарсы алуға аздаған жылтырлық артық етпейді. Енді сапалы тональді кремді қайдан алуға болады? Біз сізге Aден брендинен алуға кеңес береміз. Бұл бренд өнімдері өз даралығын айшықтағысы келетін батыл, өңірлі қыздарға арналған. Компания қыздардың сұлулығын айқындап, армандарын жүзеге асырып, көздеген мақсатына жетуіне көмектеседі.

Тартымдылық келі. Далап ерекше қанық болғаны жөн. Тартымды көріну үшін ерін макияжын назарсыз қалдырмаңыз. Қарындашпен жиектеп, ашық далап жағыңыз. Ақшыл сары қарындаш барлық далаппен үйлеседі және ерінге қосымша көлем сыйлайды.

Жанарыңызға екпін беріңіз. Көз бояуының реңкі нұрды қабықтың түсімен сәйкес келуі тиіс. Найзадай кірпіктерді жылтырақ көз бояуларымен толықтырған дұрыс. Табиғатыңыздан қайқайған, қалың кірпіктің иесі болсаңыз, жасандысына жүгірмей тек сүрме жағу жеткілікті. Қабақ бояуының сапаласын таңдаңыз. Сонда ол кеш бойы көзінізден кетіп қалмайды. Мысалы, Aден компаниясының қабақ бояулары өзінің тұрақтылығымен талай қыздың жүрегін жаулап алды.

Мінсіздік. Ерін мен көз макияжы үйлесуі тиіс. Көз бояуына сай далап таңдалады. Қайсысына екпін беретініңізді өзіңіз таңдаңыз. Егер жанарыңызды айшықтағыңыз келсе, ерінді шпелдей етіп бояудың қажеті жоқ.

Мойыл көз. Қоңыр шашты қыздарды түрлі түсті бояудың көмегімен шырайландыру оңай. Аққұба және ақсары бикештердің ажарын қоңыр қызғылт, қола және жидек түсті өңдіктер ашады. Олар кофе, шоколад және кірпіш түсті көз бояуларын таңдағаны абзал. Бұларды көк, құмды және алтындай жарқын бояулармен үйлестіруге болады. Көк, қошқыл жасыл, алхоры түсті көз бояулары қара торыларға жарасады.

Аққұба ару. Сары шашты, аққұба қыз-келіншектер косметиканы көз бен бұрмы түсіне сай таңдау қажет. Терінің өнім де естен шығармаған жөн. Алқызыл не қып-қызыл өңдік табиғи сұлулықты айқындай түседі.
(syrlasu.kz сайтынан алынды)

Жаңа жыл, жаңа үміттерге жетеле!

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде студенттерге арналған жаңажылдық ректор балы өтті.

Аида ИБРАГИМ,
«Qyzdar Universiteti»

Дәстүрлі шараға білім ордасының оқуда, ғылымда, спорт пен өнерде үздік, қоғамдық жұмыстарда белсенділігімен көзге түскен студенттері қатысты. Сонымен қатар рәсімге Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының жастар ұйымдарының жетекшілері мен үкіметтік емес ұйым өкілдері де шақырылды.

«Ұлпан» асханасында ұйымдастырылған жаңажылдық балл «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамблі мен «Ұлар» этно-фьюжн тобының бірлесіп орындауындағы «Happy new year» әнімен ашылды.

Рәсім бөлімде Қыздар университетінің ректоры Гауһар Алдамбергенова кешке жиналғандарды Жаңа жылмен құттықтап, ізгі ниетін білдірді.

– Қымбатты достар! Құрметті қонақтар мен әріптестер! Міне, санаулы күннен соң 2019 жылды тарих койнауына жіберіп, жаңа 2020 жылды қарсы аламыз. Қазақта «Откен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген дана сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықпыз. Өтіп бара жатқан жыл қарашаырақ Қыздар университетінің ұжымы үшін берекелі де жемісті болды. Оқу орны 75 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтті, көптеген игілікті істер мен жарқын жобалардың жүзеге асуына ұйытқы болды. Ғылымды дамыту тұрғысында нақты жұмыстар

атқарылып, халықаралық беделді жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жана бөлесе көтерілді. Быылғы жылы университеттің талантты да дарынды студенттері білім, ғылым, өнер және спорт салалары бойынша халықаралық, республикалық жарыстарда жеңімпаз атанып, білім ордасының мәртебесін көтерді. Бұл – барлығымыз үшін үлкен қуаныш, зор абырой. Осы орайда атап өткен жөн, 2019 жылы Қыздар университетінің 130-дан астам студенті түрлі деңгейдегі сайыстарда жүзден жүйірік шықты, – деді оқу орнының басшысы өз сөзінде.

Гауһар Алдамбергенова биыл кеңінен атап өтілген Жастар жылының ерекшелігі турасында да сөз қозғап, атқарылған істерге шолу жасады.

– Быылғы жыл, әсіресе жастар үшін мәні мен маңызы ерекше жыл болғандығы белгілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен еліміз Жастар жылын кең көлемде атап өтті. Мемлекеттің білімді де білікті, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу ісіне айрықша басымдық беріп отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Жастар жылында атқарылған жұмыстар мен бастамалардың барлығы да өскелең ұрпақтың келер келешегі мен жарқын болашағы үшін қолға алынып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жастарымыздың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің Президент ретіндегі басты міндеттерімнің бірі» деп атап өткен болатын. Сондықтан да халқымыздың болашағы, Қазақ елінің мәртебесі саналатын жастардың мәселесі қай уақытта да басты назарда болып қала бермек. Педагог кадрлар даярлаудың қарашаырағы саналатын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің басты мақсаты – ұлтымыздың



KERЕК DEPEK

Тышқан жылы: 2020 жыл қандай болады?

2020 – жыл басы тышқан жылы. Тышқан – тынымсыз, кез келген жағдайға тез бейімделетін жануар. Бұл қандай жыл болмақ? Тышқан жылғыларды және басқа да азаматтарды 2020 жылы не күтіп тұр? Мамандар айтып берді.

ЖАҢА ЖЫЛДА НЕГЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК?

2020 жылды нумерология ілімі бойынша қарасак, 2+0+2+0=4 болып шығады. Бұл жылдың басты саны – «4». Нумерологияда «4» саны үміт, шыдам, беріктік, қайрат, іскерлік және тұрақтылық қасиеттерімен сипатталады. Нумеролог Ильмира Искакова бұл жылы аса ірі жаһандық өзгеріс те, экономикалық құлдырау да, қарыштап даму да болмайтынын айтты. Тышқан жылында адамдармен қарым-қатынасты жақсартып алуға болады. Нумеролог 2020 жылды қалай өткізуге қатысты кеңес берді.

Карьера. Бұл салада өзіңіздің қай кәсіпке бейім екеніңізді пысықтап отырудың қажеті шамалы, жұмыс орныңызды аяқасты ауыстыруды ойламағаныңыз абзал. Жылды қазіргі қызметіңізге орнынуға арнаңыз. 2020 жыл қарьераның біртіндеп өсуіне, адамның тұрақты дамуына мүмкіндік береді. Жыл бәрін бұрын тәжірибелі кәсіпкерлерге пайдалы болмақ. «4» саны оларға мақсатқа жүйелі әрі табанды түрде жетуге көмектеседі.

Қаржы. 2020 жылға арналған нумерология құлдызнамасы қаржыға байланысты эксперимент

DÚNIE – KERҮEN
Парманбеков
Өмірқұл Көңкеұлы

68 жасқа қараған шағында физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Өмірқұл Парманбеков дүние салды. Өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаз 1952 жылғы 18 мамырда дүниеге келген. 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика мамандығы бойынша бітірген. 1979 жылы Ленинградтағы КСРО Ғылым Академиясының А.Ф. Иоффе атындағы Физика техникалық институтының «Жартылай өткізгіштердегі тепе-теңдікте емес процестерін зерттеу» лабораториясында ғылыми тағылымнамадан өтіп, 1985 жылы аталған институттың аспирантурасын тәмамдаған.

Еңбек жолын Жамбыл технологиялық институтының Физика кафедрасында оқытушылықтан бастады. Әр жылдары аталған кафедраның аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Физика-математика кафедрасының доценті, Физика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Ө. Парманбеков 100-ден астам ғылыми еңбектің, 16 оқу әдістемелік нұсқаулық пен 2 оқулықтың авторы және 3 авторлық құжаттың иегері. Scopus, Web of Science базаларында ғылыми мақалалары жарық көрген. Ғалымның жетекшілігімен Физика кафедрасында заманауи ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, зертханалар жана қондырғылармен жабдықталды. Осы және өзге де еңбектерінің арқасында «Үздік кафедра меңгерушісі» дипломымен, «Ұлағат» медалімен және «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп ұлы хақим Абай айтқандай, Өмірқұл Көңкеұлының маман тәрбиелеудегі ерен еңбегі мен ғылымдағы сара жолы ешқашан өшпек емес. Бақұл болыңыз, ұлағатты ұстаз, абзал аға!

Физика кафедрасының ұжымы




тағылымды тәрбиесі мен ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жеткен құндылықтарын бойына сіңірген, заманауи ілім-біліммен қаруланған маман даярлап шығару. Біздің буын халқымызды әлемге танытқан ең асыл да ізгі қасиеттерін Сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді, – деп атап өтті университет ректоры.

Гауһар Алдамбергенова университеттің қоғамдық өміріне белсенді атсалысып жүрген бір топ студентті дипломмен және «Алғыс хатпен» марапаттады. Атап айтқанда, «Үздік ұйымдастырушы» номинациясы Диляра Нәдирхановаға, «Үздік ұйым төрайымы» номинациясы Ұлхан Умароваға, «Үздік белсенді» номинациясы Танұр Амантайға, «Үздік креатив» номинациясы Алуа Болатханқызына, «Үздік пікірсайысшы» номинациясы Гүлбану Сапарбайға, «Үздік хореограф» номинациясы Зауре Ақтөреге және «Үздік студенттік кеңес төрайымы» номинациясы Асылзат Тәжіханға берілді. Сонымен қатар «Үздік жатақхана» аталымына 4-жатақхана, «Үздік ұйым» аталымына «Жасыл ел» студенттік еңбек жасағы лайық деп танылды.

Жиын барысында «Жас Отан» жастар қанаты Алматы қалалық филиалының төрағасы Мәди Ахметов, «Қазақстан студенттер Альянсы» Алматы қалалық филиалының төрағасы Жасұлан Қуандық және G39 қалалық жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Эльданиз Гусейнов университет ұжымы мен студенттер мерекемен құттықтады.

Ал Қыздар университетінің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Жаңагүл Сұлтанова ректор балының өтуіне қолдау көрсеткендерге ризашылығын білдіріп, «Алғыс хат» табыстады. Рәсімнің екінші бөлімі өнерпаздардың қатысуымен гала-концертке ұласты.



Ал Қыздар университетінің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Жаңагүл Сұлтанова ректор балының өтуіне қолдау көрсеткендерге ризашылығын білдіріп, «Алғыс хат» табыстады. Рәсімнің екінші бөлімі өнерпаздардың қатысуымен гала-концертке ұласты.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

QYZDAR YNIVERSITETI
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Жандар АСАН
Дизайнер
Гүлчәһра ЖЕКСЕНБИ
Фототілші
Әбілқайыр ЗӘРҮБАЕВ

МЕКЕНЖАЙЫ:

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99
Байланыс телефонны:
8 (727) 237-00-07
Газет «Qyzdar Universiteti» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді. «Дәуір» РПҚ ЖШС баспасында басылды.
Мекен-жайы: Алматы қ., Ш. Қалдаяқов к., 17
Байланыс телефонны: 8(727) 273 10 04

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс №1213
Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
«Qyzdar Universiteti»-не жарияланған мақала көшірліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

CALL-ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ
– Қызметтің басты артықшылығы – оқу орны туралы жан-жақты ақпарат беру, университетте білім алғысы келетін талапкерлерді қажетті мәліметпен қамтамасыз ету және мүмкіндігінше жылдам қызмет көрсету, – дейді білім ордасының баспасөз хатшысы – баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Жандар Асан.
Call-орталық дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-18:00, сенбі күні сағат 09:00-13:00 аралығында жұмыс істейді.
Байланыс телефоны: 8 (727) 237-00-77.
CALL-ОРТАЛЫҚ
+7 (727) 237 00 77
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
CALL-ЦЕНТР
+7 (727) 237 00 77
www.kazmkpu.kz